



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№19 (556)  
7 мамыр,  
2024 жыл

## ЖАҢА ЗАҢ: ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП ҚАНДАЙ?

«Қыз баласы әкесіне жұлдыз...»  
22 жастағы Әсемнің өмірінде бұл сөзге орын жоқ. Жайлылық пен тыныштық орнаған тату отбасының ішіндегі жағдай сыртқа беймәлім. Себебі бейкүнә арудың шаңырағындағы жұмбақ оқиғалар жабулы қазанда сақталған.


Елордада білім алып, «анамның үмітін ақтасам екен» деп жүрген студент Әсем – зорлық-зомбылықтың құрбаны. 20 жасқа келгенде өгей әкесінің қақпанына түскен. «Қыздың қырық жаны бар» дегенмен, бұл жағдай қаршадай ғана бойжеткеннің тағдырын бір сәтте өзгертті. Өмірін бағалап, алдағы күннен жақсылық күтетін кейіпкеріміз бұл сынаққа мойынсұнбады. Бірақ жүректегі сызатты жұлып тастау да оңай емес.

Бұл – қанша тағдырдың арасындағы біз білетін бір жағдай. Білмейтіміз қаншама... Бүгінде қауіпсіздік пен гендерлік теңдік тақырыбы өте өзекті мәселеге айналды. Елдегі, өңірдегі ахуал қандай? Жаңа заңнама әйел мен бала қауіпсіздігін толық қамти ала ма? Қарастырайық...

### Бұл не?

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның денесіне, психологиясына зардап келтіру қаупі бар әрекет деп есептеледі.

Күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денсаулыққа қасақана зиян келтіру.



Сурет ашық деректерден алынды. Қоллау: АЖ



Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйі, тамағы, киімі, мүлкі, қаражатынан қасақана айыру.

Сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

Психологиялық зорлық-зомбылық – қорқыту, қорлау, бопсалау, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық немесе жеке бастың дамуына кері әсер ететін әрекет жасауға мәжбүрлеу.

3-бетте



Гүлнар СЫДЫҚОВА, ғалым:

## АЙМАҚТЫҢ КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУГЕ ЗОР ӘЛЕУЕТІ БАР

Елімізде жаңартылатын энергия көздерін дамыту өте өзекті. Ғалымдар бұл бағытта іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының жетекшісі, техника ғылымдарының кандидаты Гүлнар Сыдықовамен сұхбаттастық. Ғалым жуырда «500 ғалым» жобасы аясында Әзірбайжанда ғылыми тағылымдамадан өткен болатын.

– Әзірбайжандағы ғылыми тағылымдама барысында энергияның жаңартылатын баламалы көздерін табу бойынша шетелдік ғалымдармен бірқатар ғылыми шара өткізілді. Тың жаңалықтар көп болды ма?

– Тағылымдама жоспарына сәйкес Әзірбайжан Республикасындағы жергілікті ресурстарды пайдалану арқылы энергияны үнемдеу, жаңартылатын энергияның заманауи технологияларының әдістерін тиімді пайдалану, энергиямен жабдықтау жүйелерінің құрылымын оңтайландыру бойынша бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Әзірбайжан мен Қазақстандағы энергетикалық ауысуларға мониторинг жасалып, стратегиялық сапаларына зерттеу жүргізілді. Бірлескен жұмыс нәтижесінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы энергиямен жабдықтау жүйелерінің құрылымын оңтайландыруға ұсынымдар әзірленді.

5

ТҰҢҒЫШ ПАРТИЗАН ҚЫЗ

## АРМАН ҮШІН АРПАЛҒЫС



Батырлық ер азаматқа ғана тән деп есептеу қателік. Қазақтың қайсар қыздары қолына қару алып, алыптармен айқасқанда ешкімге есе жібермегенін тарих парақтарынан анық көреміз. Томирстен кейінгі тектілік қазақ аналарының бойына бітіп, қан майданда қазақ қыздарының талай атой салғанын, ор рухтары ерлерден кем болмағанын оқып отырғанда тұла бойында қазақы намыс оты тұтана кетеді.

Сұлу Сырдың бойы бұрымды арулары және нәзік бойжеткендерімен де көпке мәлім. Десе де ел басына күн туған шақта, өмірдің өзі өрекіп, тағдыр таласқа түскен кезде арулар да атқа қонғанын, ұлтарактай жер үшін күресіп, елдің жеңісін жақындатқанын жақсы білеміз.

Бірде музейге барғанымда көнеңіз көзінде болған дүниелер өткеннен еріксіз сыр тартып тұрды. Сарғайған парақтар, шеті мүжілген газет беттерін ақтарып отырып, Тұрғанбике (Тұрғаш) Жұмабаева туралы пікірді көріп қалдым. Жазба қиылып алғандықтан қай газет екені белгісіз. Мақала мазмұнында Тұрғанбике Сыр елінен шыққан тұңғыш партизан қыз екенін айтқан. Ал бұған дейін қызылордалық қыздар арасынан партизан ару шыққан деген сөзді ешбір жерден оқымаған болатыным. Қызығушылықты оятқан тақырыпты қойын дәптеріме түртіп алдым.

Тұрғанбике Жұмабаева 1922 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш станциясында дүниеге келген. Аудан орталығында орналасқан Сталин атындағы мектептің 1939 жылғы түлегі. Мектепті бітірісімен Қызыл Армия қатарында взвод командирі, шені лейтенант Батырхан Қаражігітов деген жалағаштық жігітпен бас қосып, күйеуі қызмет атқарып жатқан Белоруссияның Борисов ауданына жол жүреді. Жас жұбайлар сол жақта 1940 жылдың шілде айында ұлды болған деседі. Сол тұста естіген ақпаратым осы болды.



2



## ӘСКЕРДЕГІ БІР КҮН


Әлемдік Global Firepower рейтингі бойынша Қазақстан тұрақты әскери күшімен 58-ші орынға көтерілген, ал өткен жылы 63-ші орынға не болған. Рейтинг әлемдегі 145 мемлекет бойынша сараптама жұмысын жүргізеді, демек бұл көрсеткішті әлі де жақсарту керек деген сөз.

Әскер десе қашақтап, Отан алдындағы борышын өтеуден жалтарып жүрген жастардың қатары азаймай тұр. Десе де осы олқылықтың орнын толтыру үшін М.Мәметова атындағы Қызылорда

педагогикалық жоғары колледжі алғаш рет республика көлемінде «Әскердегі бір күн» оқу-жаттығу далалық жиынын өткізді.

Бұл тың бастама бұрын-соңды ешқандай білім беру мекемесінде орын алмаған. ҚР ҰҚК шекара қызметі Қызылорда облыстық департаментінің қолдауымен оқу-жаттығу «Наурыз» далалық әскери орталығында өтті. Жастардың бойына Отанға деген махаббат пен патриоттық сезімді дарытуды көздеген далалық жиынға колледждің 100-ден астам 1-курс студенті қатысты. 100 студент үшке бөлініп, 1 әскери жасақ болып құралған.

4-бетте





## АРМАН ҮШІН АРПАЛЫС

Басы 1-бетте

Соғыс басталар алдында балалы болса, партизандар қатарына қалай қосылды? Тарихта есімі көп аталмаса да, мұрағаттарда есімі менмұндап тұрған Тұрғанбике жайлы қызығушылық одан әрі арта түсті. Сөйтіп құжаттар мен архивтерді ақтара бастадым. Білетіндерден сұрай жүрдім.

Студент кезім. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті. Оқытушылардан кезекті дәріс алу үстіндеміз. Оқытушы Алдажар Әбілов: «Тұрғаш апамыздың әкесі Жұмабай Піржанұлы теміржолшы болған. Анасы Алуа Жүсіпқызы туралы көп айтылмайды. Қолда бар деректерде тек ол 1898 жылы Қараөзек бойындағы «Қызыл үй – Мортқы» деген жерде дүниеге келіп, 1959 жылы 61 жасында Жалағаш қыстағында қайтыс болған. Осы тақырыпты тілшілер зерттеу керек» – деп, ойымда жүрген мәліметтерді тізе бастағаны есімде. Оның айтуынша, майдан даласында баласын аркалап жүріп соғысқан қазақ әйелі жайында тың деректер жетерлік. Оны «толық зерттеу керек» деп есептейді.

Шынымен де қызық. Жұбайымен енді қосылғанда одан қол үзіп қалып, тіпті баласын екі жыл өзімен бірге алып жүріп, жағаға жармасқан жауға да тойтарыс берген қандай күдіретті күш. Содан бұл тақырыптың түбін қазбай бердім. Тағдыры таласқа түскен Тұрғаш қиындық көрсе де тайталаста тынбай, тыраштанп күресе білген. Бұл жөнінде зерттемек болып, газет тігінділерін ақтара бастадым. «Сырдан шыққан тұңғыш партизан қыз» атты мақаланы көзім шалып қалды. Мақаланы егжей-тегжейлі оқып шықтым. Жазбадан Тұрғанбике апамыздың жарынан қалай айырылып қалғанын, бұл қасіретке қалай тап болғанын және «партизандар қатарына қалай қосылған?» деген сауалдарыма жауап ала алдым.

Газеттің бір бөлігінде мынадай сөздер бар. «Ол 1939 жылы Батырхан Қаражігітов деген жас офицерге тұрмысқа шығады. Үйлену тойы өткеннен кейін екеуі Белоруссияға, яғни, күйеуі қызмет атқаратын Батыс әскери округіне барады. Міне, осы кезден Тұрғаштың Белоруссия жеріндегі өмірі басталады. Күйеуі лейтенант шенінде взвод командирі болып қызмет атқарады. Ерлі-зайыпты екеуі 1940 жылы ұлды болады. Әйтсе де, бұлардың қуанышы ұзаққа созылмайды. Әйткені 1941 жылы соғыс басталған еді. Сол жылдың 22 маусымында таңғы сағат төртте әскери дабылмен кеткен Батырхан көп ұзамай телефон арқылы Тұрғашқа «Тез арада елге қайт» дейді. Бірақ бәрі кеш еді. Жау қоршауында қалған әскери қалашықтағы тұрғындар жақын жердегі Лугайск орманын паналайды. Күйеуінен хабар болмаған соң Тұрғанбике жаудан кек алмақ болған партизандарға қосылады. Олардың басшысы Николай Дорбин екен. Топтары бірте-бірте үлкейіп, «Николай Шор» атындағы партизандар бригадасы атанады» деп жазылған.

Мақала авторы Азиз Батырбековтің айтуынша, 1942 жылы оларға Мәскеуден арнаулы радиотехника мектебін бітірген Нұрғаман Байсейітқызы келеді. Көп ұзамай ол Тұрғашқа радиотехниканың тілін үйретіп, шұғыл жағдайда қалай байланыс жасау қажеттігін үйретеді. Сонымен қатар Тұрғанбике апамыз неміс тілін де жетік меңгеріп алады. Бұған дейін орыс, белорус тілдерінде еркін сөйлейтін Тұрғашты партизандар Тамара деп атайды. Ол радиостан қызметін атқарып, өте манызды әрі қажетті ақпараттарды өз командирлеріне жеткізіп оты-

Партизан қыз Тұрғаш  
ЖУМАБАЕВА.

рады. Сонымен қоса, наубайхана мен асхана жұмыстарына жәрдемдескен. Барлаушылар тұтқын әкелсе, әкелген сарбадан жауап алуға да қатысыпты. Тіпті жан беріп, жан алысқан ұрыстардың да бел ортасында жүрген. Сондай сұрапылдың бірінде арқасындағы баласына оқ тиип, ажал күшады. Онсыз да сүйген жарынан хабар ала алмай жүрген Тұрғаш апамызға баласының өлімі ауыр соққы болады.

Бұдан бөлек, Тұрғанбике Жұмабаева жөнінде Жалағаш жеріндегі аудандық тарихи-өлкетану музейінде тың деректер бар дегенді құлағымыз шалды. Сол музейдің ғылыми қызметкері, тарихшы Марат Шөмекеймен тілдесіп, Тұрғаштың өз естеліктеріне де қол жеткіздік. Естелікте «Соғыстың алғашқы күндерінде әскери қалашықтағы тұрғындар мен көптеген әскерилер жақын маңдағы Лугайск орманына барып паналады. Аға политрук Оразбаев барлық азаматтар мен әскерилердің басын біріктіріп, жасырын қаруланған үлкен топқа өкеліп қосты. Біртіндеп тобымыз көбейіп «Большевик» деген партизан отряды құрылды. Аз уақыттың ішінде «Шор» атындағы партизандар бригадасы атанды. Осы бригаданың әскери комиссары Уәли Оразбаев, ал командирі Николай Дорбин болып тағайындалды» деп айқын жазылған.

Марат Шөмекей ұсынған мәліметтер тарихтың жаңа парақтарын ашып берді. Соғыс жылдарында Тұрғанбике жеті рет ірі шайқасқа қатысып, олардың барлығында да табандылық пен ерлік көрсетіп бірнеше фашистің көзін жояды. Ол «Ерлігі үшін», I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы партизаны» медальдарымен марапатталған.

Батыр қыздың басынан кешкен оқиғасы көп адамға ой салады. Оның естеліктерін оқи отырып, соғыстың қаншалықты ызғарлы әрі зұлым өткенін ұғынуға болады. «Менің есімде қалғаны, бір күні партизандар үлкен шайқаста жаумен бетпе-бет келеді. Апайдың арқасында простынямен таңып алған баласы бар. Қалайда жау қолына түспей құтылу керек. Қапысын тауып, жаудың тырнағынан сытылып шығады. Артынан автоматтың оғы жаңбырша жауып тұрғанда, азар-алдандан құтылып, өз отрядына қосылғанда, «бала ауырлап кетті, әрі қимылдамайды, шешіп алып көріңіздерші?» – дейді қасындағыларға. Шешіп көрсө балаға оқ тиген екен. Баласын сол майдан даласында жерлеген» дейді.

Ол тағы бір әңгімесінде, партизан отряды әр уақытта іздерін жасыру мақсатында орманның ішінде кезіп жүреді екен. Сондай сәтте апай қасындағы серіктерімен бірге немістердің жазалаушы отрядының қолына түседі.

Оларды комендатураға әкеліп, неше түрлі сұрақтар қояды. Көпшілігі әйелдер болса керек, немістер оларды қорқыту үшін ішіндегі бір-екі ер кісілерді табанда атып тастайды. Бірақ ешқайсысы жөндерін айтпайды. Содан соң оларды өлім лагеріне айдап кетеді.

Конлагерьде бұларды қара жұмысқа салады. Тұрғанбикені неміс офицерлері тамақ ішетін асханасына ыдыс-аяқ жуатын әрі столдарын тазартатын жұмысына орналастырады. Кешке қайтарда ол кісілерден қалған қою тамақ, нан қалдықтарын орамалына орап, жасырып ала қайтады екен.

Бірде келе жатса, бір шарбақ қораның ішінде біздің өз адамдарымыз тұр екен. Солар аштықтан ағаштардың жерге түскен жапырақтарын жеп, қорек етіп тұрғанын көріп, аяп кетіп, қолындағы оралған тамағын қорадан асырып тастайды. Өлгі аш кенес тұтқындары, тастаған тамаққа үймелеп қалғанда, мұнарада тұрған күзетшілер көріп қояды. Екі неміс солдаты Тұрғашты ұстап алып, оң қолын бұрап сындырады да қарцерге қамайды. Қамақтан шыққан соң қасында бірге жатқан тұтқын әйелдердің ішінен сынықшы шығып, қолын қалпына келтіріп, ағашпен танып береді.

Арада екі-үш айдай уақыт өткеннен кейін кенестік әскерилер лагерді атқылаған сәтті пайдаланып, партизан отрядында болған екі-үш әйелмен қашып шығады. Түнімен жүріп, таң ата өз отрядына келіп қосылыпты.

1945 жылдың тамызында Тұрғанбике елге оралады. Тұрғаш апайдың күйеуі Батырхан да бес-алты айдан соң әскер қатарынан аман-сау келеді. Сонда Тұрғаш апай «Мен Батырханды соғыста кездестірсем атып тастар едім. Баламен екі жыл азап шегіп қанша қиыншылық көрдім. Соғыс басталмай тұрып «елге апарып тасташы?» дегенімді тындамады. Ақыры баладан айрылды», – деп жылап жіберген екен. Сонымен ерлі-зайыпты екеуі қайта қосылады.

– Ұлы Отан соғысының партизандары туралы кітаптарда Тұрғанбике жөнінде аз ғана мағлұматтар кездеседі. Қазақ Совет Энциклопедиясының 233-бетінде аты аталып өткен. 1965 жылдың мамыр айындағы «Қазақстан әйелдері» журналы да оның партизандарда радио-харышы болғанын баяндайды. Аудан тарихы туралы «Жалағашым жасыл бағым» атты кітапта оның суреті мен өмір жолы жарты парақ бетке жазылған. Әр жылдары облыстық, аудандық басылымдарда ол кісі туралы жарық көрген мақалалар Шайқы Жүсіпұлының естелігі негізінде айтылған дерек көзі арқылы, көбінесе бірін-бірі қайталап жазылған дүниелер. Себебі ол кісі ауданымыздан 1939 жылы мектеп бітіре сала кеткен. Соғыс аяқталған жылдың тамыз айында елге оралғанымен көп өмір сүрмегені белгілі. Немістердің адам тегісіз конлагерьінде тұтқын болған кездері денсаулығы бұзылып, соның кесірінен 1947 жылы 25 жасқа қараған шағында дүниеден озды, – деп Марат Шөмекей Тұрғаш жайындағы ақпараттар аз екеніне, мәрдәмсыздығына қапалы екенін жеткізді.

Ал Тұрғанбикенің жары Батырхан Қаражігітов 1913 жылы қазіргі Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. Соғысқа дейін ауылдық кеңестің хатшысы болып қызмет атқарады. Соғыс басталған жылы Белоруссияның Борисов ауданында ВНОС (воздушное наблюдение, оповещения и связи) полкінде взвод командирі болған. Соғыс жылдары II Прибалт майданы, 22-Армиясының, 8-дербес әскери ВНОС взводының, одан соң ротасының командирі, 1945-1946 жылдар аралығында Самарканд қаласында орналасқан Түркістан әскери округіне қарасты автобатальонының байланыс бастығы, 1946-1947 жылдары Термез қаласындағы 1103-атқыштар полкінің байланыс бастығы, одан кейін Алматыдағы Қазрадиокомитетінде диктор, аға диктор, инструктор, корректор болып қызметтер атқарады. Бірнеше орден-медальдармен марапатталған майдангер 1989 жылы қайтыс болады.

Осындай тағдырлы адамдар қазақ тарихында толып жатыр. Олар өмір өзенінің асау тұсында тіршілік кеше де, болашақ ұрпағы үшін тынық айдынды ғұмыр ұсынып кетті. Бейбіт күннің, тыныш заманның адамдары осындай ұлы батырларын ұлықтаудан әсте шаршамаған абзал.

Айдар САЙЛАУОВ

Жастар  
жаңалықтары

## Өнер фестивалі

**Қызылорда.** Облыстық жастар ресурстық орталығы базасында дарынды, шығармашыл, талантты жастарды анықтау және қолдау, орындаушылардың кәсіби өсуіне ықпал ету мақсатында облыстық мәдени және шығармашыл жастар арасында іріктеу өнер фестивалі өтті.

Фестивальде сурет, колөнер, хореография, дәстүрлі ән, халықтық ән, эстрадалық ән, аспаптық орындау, тележүргізушілік бағыттары бойынша 100-ден астам өнерпаз бақ сынады.

## Әскерилендірілген кростан біріншілік

**Арал.** Аудандық білім бөлімі, Арал аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі, «Қызылорда облысының әскери спорттық клубтарының федерациясы» қоғамдық бірлестігі және аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Халық қаһарманы Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай жасөспірімдер арасында әскерилендірілген кростан аудан біріншілігі өткізілді.

№260 орта мектебінде өткен жарысқа 5 адамнан тұратын 7 команда қатысты. Олар жекейлі әскерилендірілген кросс қашықтығы қыздар үшін – 1300 м, ұлдар үшін – 1800 м, граната лақтыру, пневматикалық мылтық ату бойынша сайысып, өз күштерін ортаға салды.

Жарыс нәтижесі бойынша №262, №71, №83 мектеп командалары I орын, №13, №14 мектеп командалары II орын, №220, №2, №260 мектеп командалары III орынды еншіледі. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Арал ауданы бойынша білім бөлімінің мадақтамасы және медальдарымен марапатталды.

## Интеллектуалды сайыс

**Қазалы.** 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің тапсырысы аясында «Жас Арал өрендері» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырумен колледж студенттері арасында 4 кезең бойынша интеллектуалды сайыс өтті.

Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі I орынды Қазалы Көлік-техникалық жоғары колледжі, II орынды Қазалы Гуманитарлық-техникалық колледжі және III орынды Қазалы Агроколледжі иеленді. «Үздік талпыныс» номинациясы бойынша Қазалы Көлік-техникалық жоғары колледжінің студенті Аслан Лепес марапатталды.

Шара соңында жеңімпаз топтар марапатталып, арнайы сый-сияпаттар табысталды.

## Жақсы әлемдегі – жаңа Қазақстан

**Қармақшы.** Жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында әкім кубогы үшін «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» тақырыбындағы аудандық пікірсайыс турнирі өткізілді.

Пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау, пікірсайысшылардың өзара ынтымақтастығын қалыптастыру мақсатында өткізілген дебат турнирінің нәтижесінде I орынды №121 мектептің «Фаворит» фракциясы, II орынды №250 мектеп-лицейінің «Жақсы пікір» фракциясы, III орынды №85 мектептің «Азимат» фракциясы иеленді.

## Шағын футболдан сайыс

**Жалағаш.** Ұлы Жеңістің 79 жылдығына, Отан қорғаушылар күніне орай білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен спорттық жарысқа аудандық білім беру ұйымдарынан барлығы 20 команда, 100-ден аса ойыншы қатысты.

Сайыстың ашылуында білім бөлімі басшысы Т.Құрақбайұлы және аудандық кәсіподақ комитеті төрағасы Г.Құрманбаева қатысушыларға сәттілік тілеп, ізгі лебізін білдірді.

Жеңімпаздар аудандық білім бөлімінің және кәсіподақ ұйымының дипломдарымен марапатталды.

## «Жас құтқарушылар» экскурсияда

**Сырдария.** Болашақ ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеу, құтқарушы тәсілдері арқылы салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру және жасөспірімдерді әскери-патриоттық негізде тәрбиелеу мақсатында №36 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-лицейінің Жас құтқарушы қадет сыныбының оқушылары Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мұражайына және Жедел құтқару жасағының мекемесіне экскурсия жасады.

Оқушыларға азаматтық қорғау саласындағы құтқарушылардың тыныс-тіршілігі таныстырылып, құтқару жасағының судағы және басқа да төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша құралдарымен таныстыру жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шара соңында оқушылар өз алғыстарын айтып, «құтқарушы» кім және қаншалықты өз өмірімен төуекел ететін қызмет екендігін түсініп, бұл экскурсия алдағы уақытта мамандық таңдауға оң ықпалын тигізетінін білдірді.

## Салтанатты саптық шеру

**Шиелі.** Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Ұлы жеңіс күні және Кеңес Одағының батыры Рақымжан Қошқарбаев пен Халық қаһарманы, Төуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына орай салтанатты саптық шеру ұйымдастырылды.

Әскери саптық шерудің басты мақсаты – жас ұрпақты Отан қорғауға, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге және елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

## Аймақтық пікірсайыс турнирі

**Жаңақорған.** Жаңақорған аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Төменарық ауылдық округі әкімінің аппаратының ұйымдастыруымен I мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан еліміз» тақырыбында аймақтық пікірсайыс турнирі өтті.

Пікірсайыс турнирі АІФ (Америкалық Парламенттік Формат) ережесі бойынша өткізілді. Тартысты ойын нәтижесінде I орынды №195 орта мектебінің «Симбиоз» фракциясы, II орынды №53 орта мектебінің «Ақиқат» фракциясы иемденсе, жүлделі III орынды №223 орта мектебінің «Шах» фракциясы еншіледі.

«АЖ» ақпарат



## ЖАҢА ЗАҢ:

# ТӘРТІПШЕН ТАЛАП ҚАНДАЙ?



### Басы 1-бетте

– Зорлықтың қай түрі болсын, ересектерге де, балаларға да қауіпті. Түбінде жақсылыққа алып келмейді. Әрине, бұл мәселенің астарында «отбасылық сценарий» секілді ауыр мәселе жатыр. Дегенмен әйел адам қазір зорлық-зомбылық пен қысым көрген ортадан кетпейтінше, жан жарасы жазылмайды. Мұндайда өзі дүниеге келген отбасы мен жақындарының қолдауы аса пайдалы. Өйткені зорлық-зомбылық құрбандары өзін қорғайтын адам жоқ болғандықтан, осылай көніп жүре береді, – деді сұхбатының бірінде психолог маман Лаура Мұхамбетжанқызы.

### Сандар сөйлейді...

Біріккен ұлттар ұйымының мәліметінше, әлемде әр үшінші әйел зорлық-зомбылықтан зардап шегеді. Сағат сайын 5 нәзік жан өз отбасы мүшесінің қолынан қаза табады.

Қазақстанда тұрмыстағы зорлықтан жыл сайын 400 әйел көз жұмса, 150 әйел ауыр, 200 әйел орта, ал 4 мыңнан астам әйел жеңіл жарақат алады. Полиция қызметкерлері соңғы 10 жылда 1915230 шағым тіркеген. 2021 жылы Қазақстандағы 102 пультіне тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша 114 мың қоңырау түссе, полиция әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөнінде 81 мың қорғау нұсқамасын шығарған. Сотта отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы құқық бұзушылық жөнінде 44 мың әкімшілік іс қаралған және 17 мың адамға әкімшілік қамауға алу түріндегі жаза кесілген. Сол жылдағы статистикаға сүйенсек, әр үшінші арыз ғана сотқа жеткен және әр алты арыздың біреуі тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамды қысқамерзімді әкімшілік қамауға алған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметті алушылардың 61%-ы үйдегі зорлық-зомбылыққа куә болған балалар екен.

Сондай-ақ, елдегі дағдарыс орталықтарына хабарласып, көмек сұрағандардың 67%-ы – балалар.

Откен жылы қаңтар – мамыр айларында көмелетке толмағандарға қатысты 1080 құқық бұзушылық тіркелген. Бұл цифр бұрынғыдан 7,6%-ға көп. Оның 1008-і қылмыс, 72-сі теріс қылық. Оның ішінде басым бөлігі орташа ауырлықтағы қылмыстар болған.

### Мұндайда не істеу керек?

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың зардабын шеккендер ең алдымен «102» телефоны бойынша зорлық-зомбылық туралы ауызша немесе жазбаша өтінішпен полицияға дереу хабарласуы қажет. Жарақат алған жағдайда «103» нөмірі бойынша жедел жәрдем шақыру және полиция қызметкерінен сот-медициналық сараптамадан өтуге жолдама алуы керек.

Балалар, жастар және өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар үшін тәулік бойы «111» немесе «150» сенім телефоны жұмыс істейді. Барлық өңірдегі тұрғындар тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталықтарының көмегіне жүгіне алады. Жәбірленуші құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмекке, сондай-ақ орталықта уақытша тұруға өтініш бере алады.



### Гендерлік теңдік не дейді?

Откен жылы Қазақстан гендерлік теңдік индексі бойынша 146 елдің арасында 62-орынға жайғасты. Әлем бойынша үздік көрсеткіштер Исландия, Норвегия, Финляндия, Жаңа Зеландия және Швецияда. ТМД елдері арасында Беларусь 41-орын, Армения 61-орын және Қазақстан мен Украина 66-орын орындарға ие. Одан кейін үлкен айырмашылықпен Қырғызстан 84-орын, Әзірбайжан 97-орын және Тәжікстан 111-орында тұр.

Әйелдер үшін ең нашар ел ретінде Алжир, Чад және Ауғанстан аталды. Индекс жыл сайын гендерлік теңдіктің қазіргі жай-күйі мен эволюциясын төрт негізгі өлшем бойынша бағалайды. Атап айтсақ, экономикалық қатысу және мүмкіндіктер, білім деңгейі, денсаулық пен өмір және саяси мүмкіндіктер. Ең басты фактор – әйелді құрметтеу екені де анық.

### Өңірдегі ахуал қандай?

Откен жылы Қызылорда облысының Полиция департаментіне отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылық туралы 2159 өтініш келіп түскен. Ал биыл 3 айда жаңа заңнама шеңберінде тұрмыстық жанжал бойынша 596 өтініш қаралған. Шағымдардың басым бөлігіне әкімшілік іс жүргізу қозғалса, әкімшілік қамауға алынғандардың саны 2 есеге артқан. Мәселен, 2023 жылы 60 адам болса, биыл бұл сан 110-ға жетті. Бүгінде профилактикалық есеп бойынша «Қолайсыз отбасы» санатында 99 тұлға есепте тұрады.

Естіген жанды бей-жай қалдырмайтын оқиға Қызылорда облысында 2022 жылы орын алды. Республика көлемінде резонанс тудырған мәселеге зер салсақ, 27 жастағы әйел күйеуінің қолынан қаза тапқан. Бүгінде 3 бала анасыз өсуде, ал әкесі темірторда отыр. Бұл отбасы жаңа жанжалмен тіркелмеген, «қолайсыз» отбасылардың санатына енгізілмеген, учаскелік полиция инспекторының есебіне алынбаған.

Облыстық Полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында кәсіпорындар, ұйымдар мен оқу орындарында заңнаманы түсіндіру және әйелдерге құқықтық кеңес беру жұмыстары жүргізілуде. Арнайы кездесулер ұйымдастырылып, жадынамалар таратылуда. Жоспарға сөйкес «Тұрмыс», «Квадрат», «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ», «Зорлық-зомбылықсыз қоғам» секілді профилактикалық іс-шаралар жиі өтеді. Сонымен қатар, қала мен аудан көлемінде учаскелік полиция инспекторлары және ювеналды полиция тобы қызметкерлерінің қатысуымен қолайсыз отбасы санатындағы жаңулар тексеріліп, профилактикалық әңгімелесу жүргізілген.

Қазір Қызылорда облысында әйелдердің құқығы мен мүдделерін қорғаумен айналысатын мемлекеттік емес «Жан», «Ана Үйі», «Қамқорлық» дағдарыс орталықтары бар. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балаларды бейімдеу әрі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында дағдарыс орталықтарына уақытша орналастырылады.



### Салтанат үшін...

Қазір ел аумағында зорлық-зомбылықтың құрбаны болған Салтанат Нүкенованы еске алу және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы наразылық акциялары ұйымдастырылуда. Бұл жағдайға шетелдегі қандастарымыз да бей-жай қарамады. Сөуір айында бірнеше мемлекетте бейбіт митинг өтті.

Италиядағы Милан қаласында ұйымдастырылған «Салтанат үшін!» акциясы туралы білу үшін жерлесіміз Әлеммен байланысқа шықтық. Ол – Миланда «Сән және тағамдық коммуникацияларды басқару» бағдарламасының студенті. Әлемнің айтуынша, демалыс күндері ата-анасы Рим қаласына қонаққа келген. Сол сәтте бірнеше қалада наразылық акциясының өтетінін естіп, отбасымен бірге қатысуды шешкен.

«Салтанат үшін!» акциясы әлемнің 17 мемлекетінде бір уақытта өткен. Римдегі қозғалысқа Италия мен Еуропада тұратын жастар жиналған. Тек Римнің өзінде акцияны қолдауға 100-ден аса адам қатысқан. Италиядағы митингтік құқық туралы сұрағанымызда Әлем наразылық акциясын жүргізуде ешқандай қиындық болмағанын айтты.

– Шетел азаматтарының қолдауы біз үшін маңызды болды. Қазақстанда болған зорлық-зомбылық мәселесі туралы ақпараттарды шығардық. Бұл акция арқылы елдегі ахуалға халықаралық назар аударылып, оң өзгерістерге өсер етеді деп сенемін. Ең бастысы, өз ойыңды айтудан қорықпау, өтірік айтпау, – деді акцияға қатысушы.

«Салтанат үшін!» митингі Германияда да болды. Аугебург қаласындағы жағдай туралы білу үшін Айгерім Болатовамен хабарластық. Оның айтуынша, митинг туралы әлеуметтік желіден көріп, арнайы Мюнхен қаласына барған. Наразылық акциясына 70-80 адам қатысыпты. Қозғалыс 13 сәуір күні Мюнхен, Рим, Флоренция, Болонья, Турин, Лондон мен Парижде бір уақытта болған.

– Қозғалысқа қатысқан адамдардың 80%-ы қазақтар. Украинанықтармен қатар шетелдіктердің тарапынан қолдау болды. Осы секілді бейбіт митинг ұйымдастыруға Германия әкімшілігінен рұқсат алу оңай және әр тұрғынның жеке пікірін білдіруге мүмкіндігі бар. Ұйымдастырушылар алдын ала арнайы рұқсат алған. Еуропада тұрмыстық зорлық-зомбылық ұзақ жылдар бұрын криминализацияланған. Ал бізде ондай заң жоқ екенін білгенде олар таңғалды. Жаңа заң аясында жақсы нәтижеге жететінімізге сенемін. Әрине, отбасы құндылығы маңызды. Бірақ адамның саулығы мен қауіпсіздігі бірінші орында болуы қажет, – деді Акерке.

Осы орайда Грузия мемлекетінің заңына назар салсақ. Зорлық-зомбылық фактісі туралы хабарлама түскен кезде полиция жәбірленушіге, зорлық-зомбылық куәгеріне немесе медициналық, заңдық, психологиялық көмек көрсететін адамға, ал көмелетке толмаған адамға қатысты мәселеде қамқоршылық органдарына кімнің жүтінгеніне қарамастан, оқиға орнына дереу келуге міндетті. Сондай-ақ, шақыруға шыққан полиция қызметкерлерінің қатарында әйел болуы тиіс.

Айта кетейік, Грузия Үкіметі жанынан Гендерлік теңдік, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық және отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссия жұмыс істейді. Негізгі миссиясы ел заңнамасында көзделген гендерлік және басқа да мәселелер бойынша жүйелі және үйлестірілген жұмысты қамтамасыз ету.

### Жаза күшейді

Елдегі заңнамаға тоқталсақ. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі салалық нормативтік-құқықтық актіге сөйкес «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылы қабылданған. Откен жылдың 19 мамырынан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне адамдар денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін біліктілік белгісін енгізуді көздейтін түзетулер күшіне енген болатын. Бұл тұста санкциялар да күшейтілді.

Ал 1 шілдеден бастап ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың арыз несінен анықтау тәртібіне көшуді көздейтін түзетулер күшіне енді. Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі де алынып тасталды.

2023 жылдың қазан айынан бастап құқықтық, психологиялық және консультациялық көмек көрсету үшін отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «111» бірінғай мемлекеттік байланыс орталығы іске қосылды.

Откен жылы ұйымдастырылған «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл: проблемалар және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының құқықтарын одан әрі ілгерілету бойынша ұсынымдар әзірленді.

Ал биылдан бастап халық тарапынан наразылықтың күшеюінен сөуір айында Парламент Сенаты екі оқылымда әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңды, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулерді мақұлдады. Түзетулер мемлекеттік отбасылық саясаттың құқықтық, әлеуметтік, институционалдық және өзге де негіздерін жетілдіруге, әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғауды күшейтуге, олардың қауіпсіздігін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қатайтуға, отбасы мен тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.

Осы жылы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға қол қойды.

Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны күшейтуді көздейді. Бұрын ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әкімшілік құқық бұзушылық ретінде есептелсе, енді осы секілді қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Жазаларға 80-200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу жатады.

Жәбірленушіні азаптағаны үшін 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін – 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін – 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады.

16 жасқа толмаған балаларды жыныстық қудалау үшін 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алынады.

Көмелетке толмағанды заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал көмелетке толмаған баланы ұрлау – 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру шарасы қолданылады.



### Әйелге құрмет

Кезінде қазақ ер-азаматтарының қыздарды сыйлағаны, құрметтегені көп айтылады. Ал бүгінде бұл тәрбие өлсіреп, азаматтық деп сенгені неге қанішерге айналды? Осы тұста мәдениеттанушы, философия ғылымдарының кандидаты Зира Наурызбайдың пікірі еске түседі. Зерттеуші әйелдер мәртебесінің төмендеуіне Кеңес Одағының отарлау саясатының өсері бар екенін айтады.

– Кеңес идеологиясы қазақтарды надан деп нандыруға тырысты. Қазақтардың дәстүрінде әйелдерді мүлдем сыйламаған, ал қыз-келіншектер құлдықта езілген деп көрсеткісі келді. Өкінішке қарай, 90-жылдары өз дәстүрлерімізге оралып бастағанда осы кеңес билігі таңып берген теріс дәстүрлерді қайта жаңғырттық – деді ғалым.

В. Григорьевтің жазбасында: «Қазақ әйелдері үйде камалып отыру дегенді білмейді. Басқа көрші елдерге қарағанда, қазақ қоғамында әйелдер әлдеқайда еркін, үлкен құрметке ие, тіпті сальстыруға да келмейді» делінген.

PS. Тақырыпқа арқау болған қазақ қызының өмірі мен тарихта жазылған жазбадан ұқсастық табу мүмкін емес. Себебі қазір адам құндылығы мен қауіпсіздігінен әрі аттап, қатігездіктің шегіне жеткендер қаншама. Статистикаға ілінгендерден шошылдық, ал қызыл есіктің артында өз жанын шүберекке түйіп отқан балалар мен нәзік жандардың саны қанша, хәлі қалай екенін білмейміз де. Ендігі көңілге медеу – жаңа заң. Өмірі қорқынышқа ұласқан қазақ әйелдері үшін білім алып, өз құқығын қорғай алу – қауіпсіздіктің алғашқы баспалдағына айналу керек.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Мамыражай мамыр – шаруа айы. Ел қытымыр қыстың ызғарлы күндерін артқа тастап, шуақты күнді қарсы алып, далалық жұмыстарға кіріседі.

Жанға жайлы жадырай,  
Келді көктем, мамыр ай.  
Сұлулықты соншалық  
Жаратушы Тәңір-ай! – деп  
жырлайды Әбдірахман Асылбек. Иә, расымен тіршілікке жан бітетін мезгілді халық асыға күтеді. Себебі дәл осы айда жаңарумен қатар бірлік пен елдің дәріптелетін, елдің рухын көтеретін атаулы күндер бар.



# ЕЛ МЕРЕЙІН ЕСЕЛЕЙТІН МЕРЕКЕ

7 МАМЫР – ЕРЛІК КҮНІ

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылуына байланысты бекітілген мереке қарсаңында жыл сайын түрлі жиын мен іс-шаралар ұйымдастырылады.

Биыл Қызылордада 3-10 мамыр аралығында ауқымды шаралар, атап айтқанда мерекелік концерттер, акциялар, мұражайлар мен кітапханаларда ашық есік күндері, спорттық сайыстар, әскери-патриоттық ойындар, білім беру ұйымдарында кездесулер, ерлік, тәрбие сағаттары, ардагерлерді салтанатты құттықтаулар мен құрмет көрсету, тағзым алаңдарында гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді.

– 7 мамырды әскери және құқық қорғау органдарының ғана емес, күнделікті бейбіт өмірде өмір істерімен көзге түскен ер адамдардың да мерекесі ретінде атап өту жұмыстары жүргізілуі қажет.

2 мамырдан бастап мерекелік шаралар өтетін негізгі орындарға, орталық көшелер мен үлкен сауда орындарына және халық көп шоғырланатын аймақтарға мерекелік безендірулер орналастырылады. Облыс әкімінің қатысуымен 7 мамыр – Отан қорғаушылар және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған негізгі еске алу митингі, Тағзым алаңына гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді. Мұндай шаралар сол күні барлық аудан орталықтарында аудан басшылығының қатысуымен болады. Сонымен қатар, азаматтық қоғам өкілдері мен белсенді жастар «Ардагерлерді ардақтайық» тақырыбында ардагерлер мен қарттар үйлерінің аумақтарына, жалғызбасты қариялардың үйлерінің аулаларына тазалық акцияларын ұйымдастырады, – деді А.Әбілкасымұлы.

Білім беру ұйымдары мереке қарсаңында Халық қаһармандары Рахымжан Қошқарбаев пен Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына орай танымдық іс-шаралар өткізбек. Соғыс ардагерлері мен бейбіт күннің батырларының қатысуымен кездесулер ұйымдастырылады.

## АРДАГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖӨРДЕМАҚЫ

Ұлы Отан соғысына қатысқан 4 ардагерге биыл 2,5 млн теңгеден біржолғы жәрдемақы төленеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жұмабекұлы хабарлады.

– Ұлы Отан соғысына қатысқан 4 ардагерге 2 510 560 теңгеден біржолғы жәрдемақы төленетін болады. Сонымен қатар, тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін арнайы медальдармен марапатталған ардагерлерге 221,5 мың теңгеден беріледі. Ал ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің жұбайларына және қайтыс болған мүгедек ардагерлердің жұбайларына 147,6 мың теңгеден төленеді. Сондай-ақ, тылда кемінде алты ай жұмыс істеген 1 990 азаматқа 147,6 мың теңгеден беріледі. Жеңіс күні қарсаңында Чернобыль, Семей,

Ауғанстанда болған ұрыстарда ерлік көрсеткен азаматтар біржолғы әлеуметтік көмекпен қамтылады, – деді Ғабит Жаңабаев.

Ұлы Отан соғысына Сыр өңірінен 70 мыңнан астам азамат аттанған. Батыр бабалардың көпшілігі қанды майданда ерлікпен қаза тапты. Ал бүгінде аймақта Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген 3 843 ардагер бар.

Жеңіс күні – айтулы мереке. II дүниежүзілік соғыс кезінде фашистерге қарсы тұрған қазақ азаматтарының ерлігіне тарих беттері дәлел. Жеңісті ұран тұтқан ерлердің есімі – ел есінде!

Әлия ТӘЖІБАЙ



# ӘСКЕРДЕГІ БІР КҮН

Бұл әскери іс-шараның мақсаты – жас азаматтарды әскери борышын өтеуге шақыру, батылдыққа бейімдеу, Отанға құрмет көрсетуге, моральдық-психологиялық тұрғыда мығым болуына, салауатты өмір салтын ұстануына бағыттау.

– Әскери жиынды өткізу – өзiмiздiң идеямыз. Студенттердi Отансүйiшiлiкке, мемлекеттi қорғауға, ұлттық құндылықтарымыз бен сұлу табиғатымызды аялауға үйрету – патриоттық тәрбиенiң басым бөлiктерiнiң бiрi. «Қазiргi жас азаматтар әскерден қашады» деген қауесет әлеуметтiк ақпарат көздерiнде жиi кездеседi. Алайда бiздiң көздегенiмiз оны жоққа шығару, – дейдi М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжiнiң директоры Жақсыгүл Тоғанова.

Сарбаздардың бiр күнi таңғы жаттығудан бастау алып, далалық жиын соңы жас әскерлермен кездесу кешiне ұласты. Сарбаз қатарын толықтырған жас азаматтармен кездесу алаңына Қарулы күштер ардагерлерi кеңесiнiң төрағасы Мыңдiлда Рышауов, ҚР ҰҚК шекара қызметiнiң Қызылорда облысы бойынша департаментiнiң тәрбие идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлiмiнiң аға офицерi, майор Өмiрбек Аманбаев және өзге де сала мамандары қатысты.

– Бiр күн болса да әскери тәртiптi сезiнiп көру маңызды. Әскер қатарына енгенде, осы алған бiр күндiк тәжiрибе сарбаз сапындағы өмiрге дағдылануға көмектеседi деп сенемiз. Жастарға әскери өмiрдi, темiрдей тәртiпке дағдылануды көздейтiн мұндай iс-шараларды дәріптеудiң тәрбиелiк



тек білекпен ғана емес, жүреппен орындалуы тиістігі туралы кеңінен айтылды.

– Расымен де кейінгі жылдары әскерге барғысы келетіндердің қатары күрт азайды. Сондай-ақ Instagram, TikTok желілеріне шығатын кейбір ақпарат ата-аналардың көңіліне урей тудырады. Алайда М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде ұйымдастырылған әскери далалық жиын түбегейлі ойымды өзгертті. Жаңа сезім, тың тәжірибе мені ерекше күйге бөледі.

Оқу-жаттығу кезінде әскери өмірдің біз білмеген тұстарымен танысып, теориядан бөлек практикалық білім алдық. Әскерге шақыртуды қазір алмасак та, болашақта Отан қорғаудан қашпаймыз. Далалық жиын барысында аға буынның ақыл-өсиетін тындап, өмірлік сабақ алдық. Бірге ән айттық, алау жақтық, шаршағанымызды да сезбедік. Оқытушылар түрлі әскери әдістерді үйретті, сондай-ақ нағыз қарулы күштердің қауқарын ұғындық. Өрбір азамат үшін ел алдындағы абыройлы парызын орындау – міндет. Батыр халықтың ұрпағы екенімізді ұмытпайық, – дейді әскери жиын қатысушысы, студент Ерасыл Айдарбек.

## Түйін.

Қазақстанның айбары мен сенімді қорғанысына айналған Қарулы күштердің құрылғанына 30 жылдан астам уақыт болды. Оның құрамында 80 мыңнан астам қызметкер бар. Қарулы күштердің қарамағына елдің әрбір аймағындағы әскерлер кіреді. Яғни, Құрлық әскерлері, Әскери-теңіз күштері және Әуе қорғанысы.

Әскерден жалтарып жүргендер көп, дегенмен ел Президенті оларға арнайы жеңілдіктердің қарастырылғанын айтты. Енді олар оқуға еш қиындықсыз түседі алады. Сарбаздар банкке берешек болса, әскердегі кезеңінде төлем уақытын шегереді. Сондай-ақ өз қалауымен әскери саланың маманы болып шыға алады. Қарулы күштерде қызмет атқаратын жандардың еселі еңбегін елеусіз қалдырмас үшін бұдан бөлек тағы да көптеген ынталандыру жеңілдіктері қолға алынды.

Елдігіміздің маңызды алғышарттарының бірі – әскери күш. Отанымызды күн-түн демей қорғап, әр жаңыяңн тыныштығын сақтау мақсатында қайсар жүретін азаматтарды даярлау – ел игілігі үшін екенін есте сақтайық.

Нұршат НЫШАНОВА



маңызы орасан зор. Қазіргі жігіттердің санасын қорқыныш емес, өзіне деген сенім билеуі тиіс. Ақпарат айдынындағы дерекзөздердің барлығы шынайы емес, сол себепті жалынды жастар үрейге бой алдырмауы қажет. Әскери құпия қатаң сақталуы – міндет. Әскер – ел алдындағы

азаматтық борышынды өтейтін орын. Әскери өмірге бір қадам ретінде ұйымдастырылған бұл іс-шараға қатысқан әрбір білім алушы ендігі

сарбаз өмірінен хабардар. Яғни, психологиялық тұрғыда студент өзін дайындауға мүмкіндік алды. Қатарға қосылып, сіңісіп кету, мол жауапкершілікті алу расымен де қиын. Сол себепті осындай шаралар арқылы жастарды әскери өмірге дайындап, олардың қызығушылығын арттыруымыз керек, – дейді запыстағы аға лейтенант, БӨЖТД оқытушы-ұйымдастырушы Оңдасын Жолдасбайұлы.

Бейбіт заманның балалары білім алуға, жаңа технологияларды игеруге әуес. Алайда ұлтқа қызмет ету тек білім алумен шектелмейді. Далалық жиын қонақтары рухани-патриоттық атмосфераға толы кеште студенттермен сарбаздық өмірдің қыр-сыры мен әскери кезеңнің маңызы, тарихта қалған тағалымды оқиғалар туралы әңгіме өрбтті. Отанға қызмет

# Әскери кафедрада кімдер оқи алады?

Әскери кафедра – Қарулы Күштер мен басқа да әскери құрылымдар үшін запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлайтын дайындық курсы.

Азаматтарды запастағы офицерлер мен сержанттар бағдарламалары бойынша әскери маман даярлау, Қазақстан Республикасының әскери оқытылған резервін қалыптастыру, сондай-ақ ҚР Қарулы Күштері офицерлер мен сержанттар құрамының бастапқы лауазымдарын қосымша жасақтау мақсатында алатын жоғары кәсіптік білім негізінде әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады. Әскери даярлауға оқыту процесін ұйымдастыру және басқару, әскери-патриоттық тәрбие беру, оқу материалдық базамен қамтамасыз ету, кәсіби даярлау кіреді.

«Запастағы офицерлер мен сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 31 наурыздағы №265 бұйрығына сәйкес әскери кафедраларда Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқу үшін құжаттар бірінші (3 және 4 жылдық оқумен) және екінші (5 жылдық оқумен) курс студенттерінен қабылданады.

Ал запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқу үшін құжаттар бірінші, екінші (4 жылдық оқумен) және бірінші, екінші, үшінші (5 жылдық оқумен) курс студенттерінен қабылданады.

Университет құрамындағы әскери кафедра 2000 жылы құрылды. 2000-2024 жылдар аралығында 2800-ден астам студент әскери дайындықтан өтті. Оның ішінде 2474 түлек

запастағы офицерлер қатарына, 400 түлек запастағы сержанттар құрамына аттестатталды.

– Қазіргі уақытта кафедрада әскери даярлық запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, «Жалпыәскери бөлімшелер, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру», «Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру», «Тасымалды зениттік зымыранды кешендермен қаруланған бөлімшелерді жауынгерлік қолдану» оқу бағдарламалары бойынша іріктеліп алынған студенттер 2 жылдық әскери дайындықтан өтеді. Ал «Атқыштық» оқу бағдарламасы бойынша іріктеліп алынған студенттер 1 жыл әскери дайындықтан өтеді, – деді әскери кафедра жетекшісі Нұрсейіт Увайдаев.

Бүгінде университетте 5 оқу бағдарламасы бойынша 280 студент әскери дайындықтан өтуде. Әскери дайындық бастапқы құжаттардың талабына сәйкес тегін және ақылы негізде ұйымдастырылады.

Әскери дайындықтың оқу үдерісі университеттің №3 оқу ғимаратында, ЖОО-ның оқу полигонында және 66597 әскери бөлімінің базасында өткізіледі. Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы ҚР Қарулы Күштері, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарда қызмет атқарған тәжірибелі, запастағы және отставкадағы офицер мамандармен жасақталған.

Әскери кафедрадағы әскери дайындыққа кімдер қабылданытынына келсек, Қорқыт

ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда Ашық университетінің Болашақ құрылымдық бөлімшесінде білім алушы жастар конкурстық іріктеуден өтіп, қабылдана алады.

Конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері бар. Атап айтсақ, бірінші – әскери дәрігерлік сараптамадан өтуі, талапкер студенттің мамандығы бойынша орташа сабақ үлгірімі – GPI көрсеткіші, үшінші – кәсіби психологиялық тестілеу, төртінші – дене дайындығы бойынша тапсырылатын нормативтер.

Осы орайда әскери кафедраның 2023 жылғы түлегі, студент Әділет Темірбековтен тілдестік.

– Әскери кафедрада екі жылға жуық уақыт білім алдық. Осы уақыт ішінде жауынгерлік атыс жаттығулары, жауынгерлік техниканы жүргізу бойынша практикалық оқудан өттік. Тактикалық жаттығулар, дене дайындығы бойынша нормативтерді орындадық. Оқу-жаттығу алаңында болып, әскери шеберлікті шындадық, – деді Әділет Темірбеков.

ҚР Қарулы Күштер қатарында офицер немесе сержанттардың әскери қызмет өткеруі ҚР Үкіметінің Жарлығы негізінде ұйымдастырылады. Әскери кафедраны бітірген запастағы лейтенант немесе сержанттар әскери міндеттілер болып саналады. Сондықтан ҚР Қарулы Күштер қатарына әскери міндетін өткеруге 2 жылға офицерлік немесе сержанттық лауазымдарға шектеулі саны ғана шақырылады. Өз еркімен болса 3 жыл әскери міндетін өткере алады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА



Жоғары оқу орнында білім алатын студент жас жігіттердің көбі әскери кафедрада оқып, әскери даярлықтан өтуді мақсат етеді. Себебі кафедраға қабылдану үшін де іріктеуден өтуі керек. Бір саланың маманы атанумен қатар, кәсіби білімді әскери маман болудың жөні бөлек.

Кейінгі кезде ел арасында «әскери кафедрада оқығандар әскери борышын өтеуге бара ма?» деген сауал туындады. Бұл сұрақтың жауабын білмек үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әскери кафедрасына хабарластық.



Гүлнар Сыдықова, ғалым:

Басы 1-бетте

# АЙМАҚТЫҢ КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУГЕ ЗОР ӘЛЕУЕТІ БАР

– Жаңартылған баламалы энергия, оның түрлері туралы айтып берсеңіз... Мұндай құрылғылар аймақта қолданысқа кеңінен енді ме? Білуімізше, университетте де күннен энергия алатын құрылғы бар...

– Жергілікті және жаңартылатын энергия ресурстарын кеңінен қолдана отырып, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ауылдық елді мекендерді энергиямен қамтамасыз етудің энергетикалық қауіпсіздік деңгейін арттыру мәселесі өте өзекті.

Отын-энергетикалық кешенге жаңартылатын энергия көздерін тарту, электр энергиясын өндіруге, таратуға және тасымалдауға кететін шығындарды азайту кезек күттірмейтін мәселе. Шаруашылық салаларында энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру, қоршаған ортаға антропогендік жүктемені азайту мәселелері де алдыңғы кезекте тұруы тиіс.

Географиялық орны мен климаттық жағдайына байланысты Қызылорда облысының күн энергиясын өндіруге зор әлеуеті бар. Күн радиациясының ұзақтығы жылына 2800-ден 3000 сағатқа дейінгі уақытты құрайды.

Осы артықшылықты ескере отырып, облыста жаңартпалы энергия көздерін пайдалануға көп көңіл бөлінуде. Бүгінде Қызылорда облысында жалпы қуаты 89 МВт тоғыз күн электр станциясы (КЭС) бар. Оның үшеуі салыстырмалы түрде шетелдіктердің қатысуымен салынған ірі станция болып саналады. Олар – Шиели ауданындағы Қазақстан-Британдық «Baikoung solar» компаниясының қуаты 50 МВт күн электр станциясы, Жалағаш ауданындағы «Total Egen» француз компаниясының қуаты 28 МВт күн электр станциясы және Жаңақорған ауданындағы ресейлік «Хевель» компаниясының қуаты 10 МВт зауыты. Сондай-ақ, қуаты 20 МВт болатын күн электр станциясын Арал ауданында салу жұмыстары жүргізілуде.

Қазір Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің №5 оқу ғимаратының жанында қуаты 18 кВт күн-жел электр станциясы іске қосылып, оқу ғимараты мұқтажының бір бөлігін өтеуде. Сонымен қатар, бұл станция білім алушылар мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне мүмкіндік беруде.

– Отандық кәсіпорындарда инженерлік білімі бар мамандарға сұраныс жоғары. Жастарды бұл салаға қызықтыру мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Дәл қазір баламалы энергия және жаңартылатын ресурстар саласындағы білікті мамандарға қажеттілік күннен күнге артауда. Әлемдік нарықта оларға деген сұраныс жыл сайын 15-20 пайызға жоғарылайды деп күтілуде.

Университетімізде жаңартылатын энергия көздерін стратегиялық басқару және энергия тиімділігі саласында стратегиялық, инновациялық менеджмент дағдыларын пайдалана отырып, жаңартылатын энергия нысандарын басқара алатын жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған магистратураның «Жаңартпалы энергетика» білім беру бағдарламасы жұмыс істейді. Болашақ мамандардың практикалық дағдылары, кәсіби құзыреттіліктері облыс аумағындағы күн электр станциялары нысандарында қалыптасады.

Сонымен қатар, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың қатысуымен жыл сайын дәстүрлі түрде «Энергия мен ресурс үнемдеуші технологиялар: тәжірибелер және келешегі» тақырыбында халықаралық конференция ұйымдастырылады.

Дәстүрлі түрде жыл сайын электр энергетикасы мамандықтарының білім алушылары арасында «Жас электрик» облыстық турнирі өтеді. Аталған шараның нәтижесінде білім алушыларға кәсіби бағдар бойынша

түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

– Қорқыт ата университетінің білім алушылары осы сала бойынша академиялық ұтқырлықпен өзге оқу орындарында тәжірибе жинақтай ала ма?

– Қазір студенттердің академиялық ұтқырлығын тиімді ұйымдастырудың маңызы зор. Осы орайда университеттің «Электр энергетикасы», «Өміртіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» және «Экология» білім беру бағдарламаларының білім алушылары көршілес мемлекеттердің іргелі оқу орындарында аталған бағдарлама бойынша білім алууда.

– Өзіңіздің ғылыми зерттеу жұмыстарыңыз туралы айтып берсеңіз...

– Үш айлық ғылыми тағлымдама барысында Әзірбайжандағы жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдаланатын нысандардың жұмыс ерекшеліктерін зерттеді. Ел шаруашылығының тұрақты дамуы үшін жаңартылатын көздерді пайдалану арқылы энергия ресурстарының ұтымды құрылымы негізделді.

Энергия ресурстарының ұтымды құрылымының жаңартылатын көздермен алмастырылатын энергияның тиімді үлесіне тәуелділігі анықталды. Ауыстырылатын энергияның үлесін анықтау үшін функционалдық құрылым қарастырылады. Біріктірілген энергиямен жабдықтау жүйесінде жаңартылатын энергияны пайдаланатын ішкі жүйенің жұмыс істеуінің жалпыланған моделін ұсыну да алға қойған жұмыстардың бірі.

Тағлымдама бағдарламасына сәйкес Баку қаласында былтыр желтоқсан айында өткен «Машина жасау және энергетика: жаңа концепциялар мен технологиялар» II Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Энергия тиімділігі тұрақты даму драйвері ретінде: Әзірбайжан мен Қазақстан мысалында» және «Қазіргі жел электр қондырғыларының жұмыс тиімділігін талдау» тақырыптарында екі баяндама жасалды. Бұл мақала швейцариялық «Trans Tech Publication» баспасының беделді реферат және индекскеу жүйелеріне (деректер базаларына) енгізілген журналда жарияланды. Сонымен қатар, жоғары оқу орнының білім алушыларына арналған «Жел энергетикасы негіздері» оқу құралы дайындалды.

Айта кету керек, қазір жас ғалымдар мен магистранттар Қызылорда өңірінде ауыл шаруашылығы тұтынушыларын энергиямен қамтамасыз ету үшін күн фотоэлектрлік қондырғыларының тиімділігін арттыру мәселелерін зерттеуде.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА



## «Академиялық ұтқырлық»: студенттер Беларусьте білім алуда



Студенттердің шетелде білім алып, тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы Қызылорда ашық университетінде де жүзеге асуда.

Максим Танка атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры Александр Маковчик Қызылорда ашық университетінің академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты Айсулу Мұхамбетжан бастаған делегацияны қабылдады.

Қабылдау университеттің Беларусь-Қазақстан мәдени-білім беру орталығында жүргізілді. Оған БМПУ-дің Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының директоры Ирина Шеститко, Беларусь-Қазақстан мәдени-білім беру орталығының басшысы Марина Гардукевич, Қызылорда ашық университетінің

ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру бөлімінің менеджері, техника ғылымдарының кандидаты Нұржамал Сайлаубекова және студенттер Мұрат Жүсіпов, Рысдаулет Оралбай қатысты.

Кездесу педагогикалық бағыт бойынша тәжірибе алмасу форматында өткізілді.

Бүгінде қызылордалық студенттер сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Беларусь елінде білім алууда. Айталық «Құқықтану» (қылмыстық құқық) білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Оралбай Рысдаулет Евфросиния Полоцкая атындағы Полоцкий мемлекеттік университетінде оқуда.

– Бұл бағдарлама арқылы білім көкжиегін кеңейтумен қатар Беларусь Республикасының

мәдениеті, тарихымен танысудамын. Көптеген жерді аралап, студенттермен тәжірибе алмасып, жан-жақты дамып, уақытты барынша тиімді пайдаланудамын. Мұндағы оқу үдерісінің ерекшелігіне келсек, сабақ уақыты 1 сағат 35 минутты құрайды. Дәріс жазуды міндеттемейді, бірақ 2-3 сабақ сайын тесттен межелі көрсеткішті жинауың қажет. Студенттерге барынша жағдай жасалған, әсіресе кітапханалары мен фойелері ұнады, – деді ол.

Айта кету керек, 2023 жылы Қызылорда ашық университеті мен Евфросиния Полоцкая атындағы Полоцкий мемлекеттік университеті арасында халықаралық ынтымақтастық орнаған болатын.

## Студенттер жатақханасы салынды

Алматыда жеке инвестициялар есебінен болашақ ұстаздарға арналған жаңа заманауи студенттер жатақханасы салынды, – деп хабарлады ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жаңа жатақхананың таныстырылымында болып, студенттер үйінің жай-күйін бағалады. Ол еліміздегі ең көп жоғары оқу орны шоғырланған қалада студенттердің жайлы ортада өмір сүруіне қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау маңызды екенін атап өтті.

Жатақхана ҚазҰПУ, QyzPU, ҚазҰУ, С.Демирел атындағы университет және басқа да жоғары оқу орындарының болашақ оқытушы студенттеріне арналған. 1 млрд 350 млн теңгені құраған жоба «Kazakhstan operating», «Rise capital», «Daco Motors KZ», «San tyres», «Pine education», «Kazintel group» және т.б. 50-ден астам компания, меценат, инвесторларды біріктіре отырып, «Mugalim» қоғамдық бірлестігімен жүзеге асты.

Ауданы 2 мың шаршы метр және жобалық қуаты 200 адамға дейінгі студенттердің жаңа үйі Иель Оксфорд университеттері сияқты ЖОО жатақханаларының халықаралық стандарты бойынша салынған. Онда коворкинг орталық, конференц-зал, Study room, шатырдағы үлкен терраса бар.

– Жайлы тұрғын үй барлық азаматтар үшін, әсіресе өз үйінен жырақта жүрген жастар үшін маңызды. Біздің міндетіміз – әр студенттің басқа мәселелерге алаңдамай, өз оқуына көңіл бөлуіне жағдай жасау. Жатақханамен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту үшін заманауи технологияларды енгізу – бүгінгі заман талабы. Бұл білім сапасын арттырып қана қоймай, студенттердің инновациялық ортаға бейімделуін жеңілдетеді. Университеттер мен студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз етумен айналысатын ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор, – деді министр.

«Mugalim» ҚБ еліміздің университеттерімен бірлесіп, тағы бірнеше білім беру нысанын салмақ. Жыл соңына дейін «Zhibek Dorm» ҚБ меценаты тағы 100 орындық жатақхана салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ «Mugalim» ҚБ 110 орындық студенттер үйі және 135 орындық жатақхана құрылысын жүзеге асырмақ.

«АЖ» ақпарат




Адам баласына берілген асыл қазынаның бірі – қасиетті туған жері. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Туған жерсіз адам болмайды. Сондықтан, туған жер әрбір адам үшін киелі мекен.

## КИЕЛІ МЕКЕН

Ата-бабамыз «Туған жер тұғырын, Туған ел қыдырын» деген. «Туған жер» ұғымы тым тереңде жатыр. Оның қасиеттілігі адам баласына берген шексіз мейірімі мен барлығына тең берілген құндылықтарында.

Адам баласы шыр етіп өмірге келгенде, туған жер бауырына алады. Сол кіндік қаның тамған ақ мекен сен үшін тым қымбат. Неге десек, туған жер өз перзентіне барын береді. «Сен ақсын», «қарасың», «ақылдысың», «ақымасың» деп бөле жарып қарамайды. Ол барлық төл



перзентін бірдей қабылдайды. Туған жердің құдіреттілігі, кендігі, мейірімі міне осындай. Туған жерімізді басқаша тілмен атамекең, туған өлке, ата жұрт, ата қоныс деп те атаймыз. Себебі ата-бабамыздың қаны тамып, ізі қалған қасиетті жер. Туған жердің бүкіл жақсылығы, ізгі қасиеттері адам баласына беріледі. Халқымыз: «Туған жердің торқалы топырағынан...» деп бекер айтпаған.

Сонымен бірге, тарих беттерін парақтар болсақ, ірілі-ұсақты шайқастар мен жорықтардың дені туған жер үшін болған. Әріге бармай-ақ, өзіміздің тарихқа үңілсек, туған жердің бір түйір топырағын сыртқы жаулардан қорғау үшін қаншама қан төгілгенін көреміз. «Ұлтарактай болса да, ата қоныс жер қымбат» деп, атақты жырауларымыз бен ақындарымыз туған жерді жырға қосты емес пе? Адамға осыншама шабыт беріп, жігірлендірген туған жердің киелілігі деп білемін. Туған жер ақынның өлеңіне, әншінің әуеніне, сазгердің әніне, күйшінің әуеленген әсем күйіне де айналғаны оның соншама қымбат екенін дәлелдейді. Туған жерінен безінгенді халқы жат санап, сатқындығын бетіне басқан. Ондай адамдарды елден аластатқан. Себебі туған жердің киесі атады деген ұғым болған.

«Туған жерге туың тік» дегендей, туған жер ұғымы гасырлар өтіп, ел жаңарса да, алдыңғы орында келеді. Еліміздің «Мәңгілік ел» идеясы басымдықтарының бірі – «Туған жер» деп аталса. Осы кезге дейін бірнеше жобалар жасалып, іске қосылды. Оның барлығы туған өлкені қорғау, қолдау мақсатында жүргізіліп отыр. Егер туған жер адам баласы үшін киелі болмаса, ол ұғым ұмыт қалар еді. Тіпті кезінде ел асып кеткен қандастарымыз да ата-баба қаны тамған жерге оралып жатыр. Бұрынғы көнекездер: «Туған жердің топырағы бұйырсын» деп, арман еткен екен. Себебі туған жер екі дүниеде де тұрағымыз. Сондықтан оның қадір-қасиетіне жету барлығымыздың парызымыз.

Дильназ МОЛДАБАЕВА

# АҚЫНДЫ ТӘҢІРІ ЖАРАТАДЫ



«Әбілді Тәжібаев туралы сөз болғанда екі дария көз алдына келеді. Бірі – Сырдария. Ғасырлар бойы ел мен жерді емізіп, нұр мен нуга ене болып келе жатқан дария... Екінші дария – жыр дариясы... Жыр дариясы ұшы қиырсыз қазақ даласын ғана суарып жатқан жоқ, жер-жердің, ел-елдің поэзия мұхитына құйып жатыр. Оның аты – Әбілді Тәжібаев», – деген екен ақын Жұбан Молдағалиев.

Қасиетті Сыр өңірі – ерте заманнан халқымыздың күнкорі, тіршілігінің таусылмас көзі. Бұл жер ел басына күн туғанда халықтың панасына айналған. Шалқып жатқан Сырдарияның өн бойын жергілікті халық туған анасындай аялап, қастерлеп келеді.

Сырдария өзені ықылым заманнан бері Тұран ойпатындағы бірден-бір өркеніет белгісі. Мұнда тұрмыс кешіп, дүниеден өткен талай қауым мен ұлыстардың кіндігін Сырдария кескен. Түрік тектес халықтардың ел болып тұрмыс кешуіне де шапағатын тигізген осы Сыр-ана. Тарихы тұңғыш сырға, ақындарының әлемі жауһар жырға толы Сыр елінде туған Әбілді Тәжібаев Сыр елі мен анасы Айманқұлден дарыған ақындық қабілет сол замандағы дәстүрге сай әуелгіде халық ауыз әдебиетінен, халық ақындарынан нәр алды. Ана көкірегінен мейірім мен ана сүтін қатар емген ол көркем әдебиетке құштар болып өсті.

Кеудем бір жанартаудай күркіресе, Көңілімнен ыстық жаңбыр сіркіресе, Қайнаған қара құйын бұлт боламын, Ойымда ойнайды ұйтық от бораным... Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, поэзия патшасы атанған Әбілді Тәжібаев көкірегін шабыт қысып, өлең жырлары актарылар сәтін осылай суреттейді.

Әбілді Тәжібаев – әлемдік даңққа бөленген, көп салалы, мол сырлы, алуан әуезді қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің алдыңғы қатарындағы құрметті қаламгер. Алғашқы өлеңдері заман

туғызған, бұрын сахара өмірінде болмаған жаңа тілектер, сарындар мен мақсаттарға арналды. Әлеуметтік тартыс, күні өткендерді сынау, өзгерістерді мадақтау дәуірге тән тақырыптар болды. Әбілді ақындығында үлкен арна – атамекенді, Сырдарияны жырлау еді. Ол бұл өзенді үлкен символға айналдырды. Рейнді жырлаған Гейнені, Днепрді жырлаған Шевченконы өзіне үлгі етті.

Сырда туған Сырдың ұлы, Жаңа Гейне мен болам, – деген жолдарда ақын рухының мақтаншысын көруге болады. Осыдан қанша уақыт бұрын жазылған «Сырдария» өлеңінің күші мен қуаты өзгермеді. Сырда туған әрбір жанның ұранына айналғандай. Ақын одан кейін де туған жерге талай шумақтарын арнады. Солардың ішінде «Сыр жырлары» шайырдың жауһар туындылары қатарында аталады. Өлеңнің өн бойынан жылылық, сағыныш лебі еседі. Бұл өлең сыртта жүрген әркімге елге барғанда талайдан көрмеген бір кездегі балауса қыз парталасын кездестірген сәтті еске салғандай.

Лирика – адам рухы, адам сымбаты. Демек ол – тұтас алғанда бір ұлттық рух, халықтық сипат. Адам бүкіл әлемдік құбылыстардың саналы көзі болса, ал лирика – сол адамның сезіну, түйсіну, тану, талғау, таңырқау, тамашалау, сөйтіп барып шешім қабылдау өлшеуіші. Мұның бәрі Әбілді Тәжібаев шығармаларынан табылады.

...Құяр судан бөліссе – көл тұнады, қайнаған өмірден бөліссе – көңіл тұнады. Тұнған көлдің суы тартылғанда түбі көрінсе, тұнған көңілдің де мазмұны тартылып, түбі көрінеді; екеуінің де ақыры – таяздық пен тақырлық. Жүйрік өнері дүбірде ашылғандай, ақын өнері думанда ашылады. Ал, ондайда ашылмаған өнер жоққа тең... Жалын ата жанған от қызумен қызықты. Ол үшін оны үрлеп маздататын жел керек, ал дұрыс тұтанбаған, желсіз бықсыған түтіннен шашаламыз да қаламыз. Сондай-ақ ақын талантының да тұтанған, маздаған мезгілі салтанатты, өйтпесе ол да түтіндетеді, бықсыққа айналады... Ол – әдебиеттің тынысын тарылтқан небір қиын кезеңдерде «шындық» деп жаны шырқыраған, ұлт перзентінің намысты сөзін айта білген, ақиқат туын қолдан түсірмеген, жаратылыстан қайсар мінезді, адал ер азамат еді. Өз шығармаларында тарихи тұлғалардың шығармашылық образын сомдады. Олармен сынасты, сырласты. Дәуір солай еді...

Тасты басып кетілген, сазды басып жетілген Әбілді Тәжібаев! Оны кетілткен тас – сол дәуір, оны жетілдірген сөз – қазақ елінің өзіне деген махаббаты болды. Сыр елі Әбілдімен мақтанды. Оның туған ауылына ақын есімі берілген. Облыстық кітапхана абыз ақын атында. «Тек тірілер, жерді сүйе білдіңдер, Бұлғамандар жерді, таза жүріңдер.

Тоздырмандар біздер қазған арықты, Өшірмеңдер біздер жазған жарықты...

Ақылы мен сезімі тең келген, өз ұлтын да, өзге халықты да сүйе білетін, сүйей білетін ақын болу қиын. Әбілді ақында халықтық рух бар, ол – елімен бірге, қазағынан бөлінбейтін ақын. Абай бастаған ұлы ақындары бар елде, Сыр елі – жыр елінен шыққан Әбілді Тәжібаев қазақ елі үшін өнеге алар тұлға.

«Ақынды тәңірі жаратады!», – деп өзі айтқандай Әбілді Тәжібаев Тәңірі жаратқан ақын!

Гүлбала БАЙМАҒАМБЕТОВА,  
Арал индустриалды-техникалық колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы



## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ХАНЫМДАР

Тарихымыздың хандық дәуірінде өмір сүрген асыл аналарымыздың есімдері санамызда мәңгіге сақталған. Олар көптеген дерек түрінде көрініс береді. Жазба дерек мәліметтерінде, ауыз әдебиетінің үлгілерінде, материалдық ескерткіштерде, ру-тайпа атаулары мен ұрандарында кездеседі. Төменде осы көрсетілген тармақтар бойынша аналарымыздың тарихымыздағы рөлі жөнінде жеке-жеке қарастырып көрелік.

«Алып анадан туады» деген халық мәтеліне сай, хандық дәуірдегі әрбір хан, сұлтан, мемлекет басшысы, мемлекет қайраткері болып қана қоймай, әрі батыр, әрі қолбасшы бола білген. XV-XVII ғасырдағы атақты қазақ хандары мен сұлтандары аналарының есімі жазба дерек мәліметтерінде сақталған. Ол жөнінде тарихшы Қадырғали би Қосымұлы Жалайридың еңбегінде айтылады. XV-XVII ғасырдағы қазақтың 6 ханы, 8 сұлтаны және 4 ханымының аналарының есімдері тарихта қалды.

Мәселен Жаған бике, ол – қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның әйелі, Қасым ханның анасы.

Ханық сұлтан ханым, ол – атақты Қасым ханның әйелі, Хақназар ханның анасы.

Абай-ханбегім – Шығай хан мен Мәлік сұлтанның анасы.

Байым-бике – Сейітқұл сұлтанның, Ондан сұлтанның, Алтын ханымның анасы.

Жақсымбике (Яхшым-бике) – Тәуекел ханның, Асым ханның, Сабыр бике ханымның анасы.

Дадам ханым – Әли сұлтан, Сулум сұлтан, Ибрагим сұлтан мен Шахим сұлтанның анасы.

Алтын ханым – Оразмұхаммед ханның және Тәтті ханымның анасы.

Сүйім ханым – Тәуекел ханның әскер басшысы Көжек сұлтанның анасы.

Деректе айтылған сегіз ханымнан туған мемлекет басшылары: Қасым хан, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хандар – 1511 жылдан 1628 жылға дейін Қазақ хандығын билеген тұлғалар. Бұл хандардың билігі тұсында Қазақ хандығы негізінен күшею, өрлеу кезеңдерін басынан өткергені белгілі. Алып тұлға болып тарихта қалуында аналарының рөлі болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды.

XVI ғасырдың 20-30-шы жылдары Қазақ хандығы үшін өте ауыр болғаны белгілі. Тахир ханның билігі тұсында Қазақ хандығының Ноғай ордасымен, Шығыс Түркістан аумағындағы Моғолстан мемлекетімен қарым-қатынастары күрделі болып, қатты шиеленіседі. Осындай жағдайда қазақ-моғол қарым-қатынасын жақсартуға Жүніс ханның қызы, Әдік сұлтанның, одан кейін Қасым ханның әйелі болған Сұлтан-Нигар ханым белсене араласып, үлкен нәтижелерге қол жеткізеді. Сөйтіп, ақылды ханымның арқасында Қазақ хандығы мен Моғолстан мемлекеттерінің арасындағы шиеленесті қатынастар бейбіт жағдайға ауысады.

Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде Сұлтан-Нигар ханымның парасат-

тылығын, Тахир ханның оған туған анасындай құрмет көрсеткенін ерекше айтып өтеді. XVIII ғасырдағы Кіші Жүздегі Әбілқайыр ханның әйелі – Бопай ханымның ақылдылығы мен парасаттылығы орыс деректерінде көп баяндалады. Әбілқайыр ханның тұсында сұлулығымен қатар, ақылдылығымен көзге түскен Бопай ханым Кіші жүзде үлкен құрметке ие болған. Ал 1748 жылы Әбілқайыр ханның қазасынан кейін Кіші Жүздің ішкі саяси өмірінде, қазақ-орыс қатынасында билікте отырған ұлдарына кеңесші, ақылшы бола білген Бопай ханымның есімі жазба деректерде өте жағымды бейне ретінде жақсы баяндалады.

Хандық дәуірден бері ел аузында кең таралған ауыз әдебиетінің үлгілерінде ел анасы болған Домалақ ана жөніндегі аңыз-әңгімелер өте көп. Текті жерде туып-өсіп, адал жар бола білген Домалақ ана ақылдылығымен, сабырлығымен, көрегендігімен, кемеңгерлігімен, әулиелігімен есте қалады. Оның жерленген жері бүгінге дейін апа, әже, қарындас, жеңгелеріміздің зиярат ететін жеріне айналған.

Аналарымызға қойылған материалдық ескерткіштер – күмбездер, мавзолейлер, мазарлар күні бүгінге дейін жетіп отыр. Домалақ ана кесенесі, Рабиға сұлтан бегім мавзолейі, Бопай ханым мазары әлі күнге дейін өздерінің негізгі міндетін жоғалтпай, жана ұрпақ өкілдеріне рухани қызмет етуде.

Бақдәурен ИШАНҚҰЛ,  
М.Шоқай атындағы  
№187 ІТ мектеп – лицейінің  
тарих пәнінің мұғалімі

Қазақ халқы қыз баласын құрметтеген. Қызға қатысты елімізде тәрбиелік, тәлімдік мәні бар көптеген салт дәстүр бар. Әртүрлі дәстүрдің қалыптасуында терен мән жатыр.

## ҚЫЗ ЖАСАУЫНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Солардың біріне тоқталып кетсек. Қыз жасауы – бойжеткен қыз тұрмысқа шыққанда артынан еріп баратын дүние мүлкі. Қазақ алақанына салып, аялап өсірген қызын жасаусыз ұзатпаған. Қазір тұрмыс-салттың өзгеруіне қарай қалыңдықтың артынан баратын жасау да жаңа дүниелермен толығып, құны аспандап жатыр. Әдетте қыздың жүгі күйеу жігіт берген қалыңмалдың мөлшеріне



қарай жасалады. Десе де бүгінде ата дәстүрді орындау мақтану мен бәсекеге айналғандай. Қыз жүгі деп бұуып-түйілетін заттардың қатарына тұрмыстық техникалар да қосылды. Осы дұрыс па? Ең бастысы екі жастың бақытты болғаны емес пе? Өзім де қыз баласы болғаннан кейін бұл мәселе жаныма жақын...

Жақында ғана тұрмысқа шыққан құрбымның жасауына 2 миллион ақша жұмсалғанын естіп қатты таңқалдым. Қыз жасауына барлық төсек-орын жабдығын (көрпе-жастық, жамылғы, құрақ көрпе), ылдыс-аяқ, тұрмыстық техника (газ пеші, тоназытқыш, кір жуғыш машина, қысқа толқынды пеш, теледидар), жиһаз (жатын бөлме мен ас үйге, диван-кресло, үстел-орындық) алған. Әрине жағдайы келсе, жасай берсін. Шама-шарқына қарамастан, бар адаммен бәсеке болам деп, несиеге белшесінен батқандарды да көз көріп жүр. Ата-ананы қатты қинаудың қажетті жоқ деп ойлаймын. Меніңше, қыз шамасы жетсе, өз жасауын өзі жинағаны дұрыс. Себебі, алған заттарды қажетіне жарататын да, ұстайтын да өзі.

Ал ел ішінде «қазан мен пышақты жасауға қоспайды» деген түсінік қалыптасқан. Өйткені қазақ халқы қазанда ырыс пен береке бар деп сенген. Үйімнің ырысы, босағамның берекесі, отбасымның несібесі осында болады деп, өзгелерге бермеген. Сондықтан ұзатылатын қызға да қазан сыйламаған. Пышақта да айтарлықтай мән жатыр. Пышақтың жүзі өткір, қауіпті зат болғандықтан, жаңа құдалардың арасына салқындық салмасын, жас келіннің тілі өткір болмасын деп, жаңа құдалар пышақ алғанды ұнатпайды. Оны әкелген күннің өзінде «сатып алу» ырымын жасайды екен.

Отбасының бақыты жасауда емес екі жастың сыйластығында. Қыз жасауын қалай және қанша қаражатқа апарған орынды? Сіз қалай ойлайсыз?

Шаттық НИЯЗОВА



# СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

**Қазір адамнан айла артылмайтын кез. Түрлі қылмыстарды ашу, қыл үстінде тұрған жәбірленушіге тап басып әділдігін жеткізу үшін білім мен білік керек. Уақыт өтіп, заман дамыған сайын да қылмыстарды жасырудың түрлі амалы шықты.**

Шниелініс пен шатақан оқиғалардың жігін тарқату үшін нақты ақпарат пен анық дәйек керек. Мол мағлұмат болғанның өзінде оқиғаны сараптай алу да әділ шешім шығаруға үлкен сеп. Осы тұрғыда сот сараптамасының атқарар ролі зор. Ресми ашық дереккөздерде «Сот сараптамасы дегеніміз – әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер бойынша нақты деректерді, мән-жайларды арнайы ғылыми білімді қолдана отырып анықтау. Сот сараптамасы сот өндірісіндегі зерттелетін оқиғалар мен мән-жайларды анықтау қызметі ретінде заңды нысанда ғылыми жағдайларды жүзеге асыратын сот сараптамасының жалпы теориясы» деп көрсетеді.

Мың сан оқиғалардың, қылмыс пен құқық бұзушылықтардың құбылуына байланысты да сот сараптамасының ролі мен маңызы артып келеді. Осыған орай зерттеудің заманауи ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін сот өндірісіне енгізуді негізгі арнасы болып табылады.

Негізінен сот сараптамасы ұғымының қолданысқа енгеніне қарай жуық уақыт болған. Десек те әр жылда әр түрлі заңнамалық өзгерістер еніп отырды. Сан алуан шешімдер қабылданды. Соның ішінде Қазақстан Республикасы 1997 жылы ТМД арасында алғашқылардың бірі болып «Сот сараптамасы туралы» заң қабылдағанын, ол маңызды саяси шешімді – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бірыңғай сараптама жүйесіне бере отырып, қылмыстық қудалау органдарынан сот сараптамасын жүргізу функциясын алып тастауын көрсетеді. Бұл заңның қабылдануы сот сараптама органдарының бұрын болған жүйесінің жұмыс істейтіндігі елеулі кемшіліктерді жоя отырып, бір ведомство шеңберінде сот сараптамасын жүргізуді шоғырландыруға мүмкіндік берген болатын.

Осы орайда біліктілікті дамыту өте маңызды. Ол – өзекті және сараптама өндірісінің негізгі кепілі. Сондықтан, сарапшылар арқашан ізденіс үстінде болуға тиіс. Әсіресе жаңа технологиямен жұмыс істейтін зерттеу салалары қосымша біліктілікті арттыруды талап етеді. Бүгінгі қоғамның сот ісін



жүргізу шеңберінде ғылымдағы, техникадағы, өнердегі немесе жұмыстағы арнайы білімдерін қолдануға деген қажеттіліктері, қазір сот сараптамасын дербес іс жүргізу процесі ретінде қарастырады, ол өз нысаны бойынша азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтарын және бостандықтарын, мемлекет мүддесін қорғаудың тетігін қалыптастырады.

Заң ғылымдарының кандидаты Сәкен Абдолла: – Қазақстандық сот сараптамасы бүгінгі күнге тән міндеттерді, функциялар мен жүйені өз міндетіне алғашқы өзін қалыптасуының бірқатар кезеңінен өтті. Қазақстан Республикасында сот сараптамасының пайда болу, қалыптасу және дамуы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығының тарихымен тығыз байланысты. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының сот сараптамасы тарихы мәселесін қарау кезінде әртүрлі уақытта осы саланы нормативтік реттеудің аспектілерін зерделеу маңызды. Осылайша, Қазақстан Республикасының сот-сараптама жүйесі бүгінгі таңда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен ұсынылған.

Елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуына, уақыт талабы бойынша құқық қорғау

және сот жүйелерін реформалауға, сондай-ақ ғылым мен техниканың әлемдік дамуына байланысты қазақстандық заңнаманың өзгеруі, оның дамуы мен жетілдірілуі әбден заңды. Бұл өзгерістер қоғамдық қызметтің барлық саласына сөзсіз әсер етеді. Сот-сараптама қызметінің табиғаты оның тұрақты дамуы мен динамикасының қажеттілігін білдіреді. Осы бапта келтірілген сот сараптамасының даму тарихының белгілі бір кезеңдеріне грация шартты және зерттелетін саланың неғұрлым маңызды оқиғаларына негізделген. Заңнамалық реформалар кәсіби болуы тиіс, ал ғылыми зерттеу ісінде тарихи және салыстырмалы-құқықтық әдістерді қолдану ерекше орын алады, – деген еді.

Иә бұл ойдың жаны бар. Себебі сот-сараптама қызметінің табиғаты оның тұрақты дамуы мен динамикасын ұғындырады.

Осы орайда сот сарапшылары егеменді еліміздің заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға өз қызыреті шегінде атсалысып, өз міндеттерін тиісінше адал атқарып келе жатқанын атап өткіміз келеді.

Айта кету қажет, сот жүйесінде сараптама қызметінің дамуы маңызды орын алады. Еліміздегі осы жүйеде сот-сараптамасының озық үлгіде жұмыс жасауына арналған ілкімді жобалар қолға алынып келеді.

Қылмыстың тез ашылуына әрі сотқа келген әр істің әділ шешілуіне бірден-бір әсер ететін саланың бірі – сот-сараптама қызметі. Адамның тағдыры шешілетін сот барысында сот-сараптамалық қызметтің әділ әрі тез жасалуы маңызды екені сөзсіз. Елімізде сот-сараптама қызметін бәсекеге қабілетті ету мақсатында жүйелі жобалар қолданылып келеді. Қазақстанда сот ісін жүргізуді, құқық қорғау органдары жүйесін, сот-сараптама қызметін реформалау мақсатында маңызды қадамдар жасалуда. Сот жүйесінде бәсекеге қабілетті кәсіби мамандарды даярлау алғашқы орында тұруы керек.

Қорытындылай келе, сот-сараптамасы десек, телефильмдердегі «детективтердің» жұмысын жеделдететін, сауатты да логикалы зерттеулер жасайтын, тіпті демалып отырғанда да ой мен зерттеудің құшағында жүретін сот-эксперттің маманы көз алдына келеді. Сот-сараптамасы – әлем елдерінің барлығында өз орны бар, ғылыми негізге сүйенетін, үлкен жауапкершілікті талап ететін салмақты сала. Сараптаманың түрлері де көп. Мәселен, сот-экономикалық сараптама меншікке қарсы, сыбайлас жемқорлық, экономика саласындағы қылмыстар, сондай-ақ коммерциялық және басқа ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы жасалған жайттарды ашуда кеңінен қолданылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашуда зерттеуді қажет ететін айғақты заттың бірі – құжаттар. Құжаттар қылмыс оқиғасының құнды ақпарат көзі болып табылады. Нақты мәліметтерге «фототехникалық, бейнефонографиялық» сараптамалар сот-техникалық зерттеу деп аталады. Мұнда сарапшы құжаттың дайындалу тәсілін, оны өзгерту фактісі мен әдісін, көзге көрінбейтін және нашар көрінетін реқвизиттер мазмұнын, құжаттың бас-тапқы түрін анықтайды.

Сот сараптамасын құқық қорғау органдары: ҰҚК, сот, прокуратура, кеден, әділет саласы мамандары, сонымен бірге облыстық төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің сараптама жүргізуді жүктейтін қаулысына сәйкес, істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар сот сарапшысы жүргізеді. Сот сараптамасын тағайындауға тереушінің қаулысы немесе соттың ұйғарымы негіз болып қала бертіні сөзсіз.

Лаура ӘЛБЕКОВА,  
Қызылорда қалалық сотының судьясы

## КӨПБАЛАЛЫ АНАҒА БАНКРОТТЫҚ РӘСІМ ҚОЛДАНЫЛДЫ

Қызылорда қаласының тұрғыны, 4 баланың анасы сотқа жүгініп, өзін банкрот деп тануды сұраған. Белгілі болғандай, марқұм күйеуі банктен несие алып, оны техникалық қызмет көрсету станциясының қосымша құрылысына және қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсаған. Дегенмен күйеуі кенеттен қайтыс болып, несие қарыздары мұрагерлік бойынша әйеліне өткен. Қазіргі таңда әйелдің несие бойынша қарызы 8 миллион теңгеден асқан.



Әйел қалалық сотқа берген өзінің арызында денсаулығына байланысты жұмыс жасамайтынын, тұрақты табысы жоқтығын, күйеуі қайтыс болғанын кейін, несиені жалғыз өзі төлей алмай келе жатқанын, отбасында күйеуінің қарт анасын және төрт баласын бағып отырғанын, асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік жардемақдан басқа кіріс жок екенін көрсетіп, сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануды сұраған.

Банк өз пікірінде несие қарызын талап ету құқығы коллекторлық серіктестікке берілгенін білдірген. Ал серіктестік әйелдің несие қарызын өтемей отырғанын көрсеткен. Сот отырысында әйелдің атына жылжымайтын мүліктер тіркелмегені және әйелдің жұмыс жасамайтыны анықталған.

Әйелдің банк алдындағы несие мөлшері заңнамада белгіленген 1600 айлық есептік көрсеткіштен асқан, банк алдындағы міндеттемелер бойынша қатарынан он екі ай бойы өтеу және жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісі анықталмаған.

Анықталған мән-жайлардың заң талаптарына сәйкестігі ескеріліп, әйелдің арызы қанағаттандырылып, сот арқылы банкроттық рәсім қолдану туралы шешім шығарылды. Осылайша 4 баланың анасы банкрот деп танылды.

Өмірдегі түрлі жағдайларға байланысты азаматтар несие міндеттемелері бойынша қарызын өтей алмай, қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда әр істің мән-жайы жан-жақты зерделенеді. Бұл ретте банкрот деп тану туралы рәсімдерді жауапкершіліктен жалтару мақсатында қолдануға жол берілмейтінін біле жүрген абзал.

Қызылорда облыстық сотының  
баспасөз қызметі

Мемлекеттік сатып алу – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызмет көрсетуге байланысты халықаралық әуежайлардың кірістерін қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты, елдің заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша және (немесе) меншікті кірістері есебінен сатып алуы. Қарапайым тілмен айтқанда мемлекеттік органның тауырды немесе қызметті сипаттамасы мен қаржы көлемін көрсете отырып өнім берушілерден сатып алу рәсімі. Ол үшін міндетті түрде келісімшарт жүргізіледі.

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЗАҢНАМАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАРАЛАТЫН ІСТЕР

Келісімшарт болған жерде тараптар арасында туындаған келіспеушілік салдарынан дау туындайтыны белгілі. Осы санаттағы дауларды қарау кезінде сот ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңды, ал Заңмен реттелмеген мәселелер бойынша Азаматтық кодекстің (АК), Азаматтық процесілік кодексінің (АПК), Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (ӘРПК), «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының және өзге нормативтік актілер басшылыққа алады.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзушылығына байланысты туындайтын даулар азаматтық тәртіпте мамандандырылған экономикалық соттарда қаралады және АПК-нің 29-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттардан туындайтын талап қоюлар жауапкердің орналасқан жері бойынша беріледі. Сондай-ақ орындалатын орны көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттардан туындайтын талап қоюлар тауарларды талап қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша АПК-нің 30-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес шарттың орындалатын орны бойынша да берілуі мүмкін.

Заңның 24-бабының 1-тармағына, 38-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді (баға ұсынысын) беру конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады. Осыған байланысты әлеуметті өнім берушіні көрсетілген тәсілдермен жүргізілген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша шарттың орындалатын жері бойынша да берілуі мүмкін.

Соттарда осы санаттағы істердің басым көпшілігі шартты уақытылы орындамауы немесе сапасыз тауарды (қызметті) ұсынуы салдарынан туындаған даулар қаралады.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізіледі.

Алайда сот істерді қараған кезде міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім

беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тани беруі міндетті емес.

Себебі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» №4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет делінген.

Сотта қаралған кезекті істе мемлекеттік орган (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған. Шарт талаптарына сай өнім беруші тауарды шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. Алайда шарт мерзімінде орындалмағандықтан тапсырыс беруші жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін тиісті дәрежеде орындамағаны, яғни тауарды кеш жеткізгені үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы сотқа талап қойған.

Сотта анықталғандай жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін кеш орындаған. Дегенмен талап қоюшыға жағымсыз салдар орын алғандығы көрсетілмеген, тауардың сапасы мен саны жағынан сын-ескертпелер болмаған.

Сондықтан сот әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, жауапкердің осы күнде өзінің міндеттемесін толық орындағанын, сондай-ақ талап қоюшыға жағымсыз салдар туындамағанын ескеріп, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартты.

Қ.БЕРЖАНОВ,  
Экономикалық сотының судьясы

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына сәйкес, 3 түрлі – соттан тыс банкроттығы, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін қарастырады.

Барлық үш рәсімді тек борышкер ғана бастайды, яғни несие беруші немесе өзге кредитор борышкерге қатысты бұл рәсімдерді қолдануға құқығы жоқ.

Бірінші рәсім: Соттан тыс банкроттық тек банктер, микроаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолданылуы мүмкін.

Бұл рәсімді қолдану үшін келесі шарттар орын алады:

- 1) банктер, микроаржы ұйымдары мен коллекторлар алдындағы берешек 1600 АЕК аспаса;
- 2) өтініш берген күннен бастап қатарынан 12-ай ішінде міндеттемелері өтелмеуі тиіс;
- 3) мүлік, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік жоқ болуы;
- 4) банкпен берешектер бойынша жұмыс жүргізу;
- 5) банкроттық 7 жыл бойы қолданылмай қажет.

Сонымен қатар, Заң жобасымен:

- 6 ай ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар үшін;
- 5 жылдан астам уақыт қарызы өтелмеген азаматтар үшін

ерекше жағдайлар қарастырылған. Соттан тыс банкроттық «Электрондық үкімет» веб-порталында басталады. Содан кейін ақпараттық жүйе арқылы борышкердің кіру критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында мүдделі мемлекеттік және басқа органдардың деректерімен автоматты түрде салыстыру жүргізілетін болады.

5,5 миллион теңгеден асатын қарыздар бойынша және басқа да берешек түрлері бойынша азаматтар сот банкроттығына жүгіне алады.

Сот банкроттығы мақсаты банкроттың мүлдіктік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру. Егер жалғыз тұрғын үй кепіл заты болып табылса, онда кредитор оны қайтарып алуға құқылы. Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредиторлар оны талап ете алмайды.

Қалған өтелмеген сома, егер борышкердің белгілері болмаса есептен шығаруға жатады. Сот банкроттығы рәсімін қаржы басқарушылары жүзеге асырады, оның ішінде:

- \* Заңды тұлғалар банкроттығы рәсіміндегі әкімшілер;
- \* Кәсіби бухгалтерлер;
- \* Заң консультанттары;
- \* Аудиторлар.

Барлық борышкерлер қаржы басқарушыларының қызметтерін төлей алмайтынын назарға ала отырып, заң жобасында, мүлік жоқ, әлеуметтік осал топтарына жататын адамдарға мемлекет есебінен ақы төлеу көзделген.

Үшінші рәсім – ол төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі, тұрақты табыс болған жағдайда, қарызды төлеу үшін (5 жылға дейін) сот тәртібімен бөліп төлеу жоспарын алу мүмкіндігін қарастырады.

Сауықтыру жоспары қаржы бақарушымен бірлесіп әзірленіп, сотпен бекітіледі. Бұл процедураның артықшылығы, кейін адам «банкрот» деген мәртебесін алмайды, сондықтан банкрот үшін көзделген салдар оған қолданылмайды.

Банкроттықтан кейін пайда болатын салдар:

- 1) 5 жылға несиелер мен кредиттер алу шектеуі;
- 2) 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіну құқығы;
- 3) 3 жыл қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетін болады.

Алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша берешектерді есептен шығарылмайды.

Гүлнәр ТИЫШТЫҚБАЕВА,  
Қызылорда қалалық сотының судьясы



## «Журналистика – мәні терең мамандық»

атты мүшәйра өтеді

### ЕРЕЖЕСІ



«Журналистика – мәні терең мамандық» атты 9-11 сынып оқушылары арасында қалалық жас ақындар мүшәйрасы өтеді. Жыр додасы Қызылорда қаласындағы шығармашы жастардың шабытын шыңдау мақсатында «Сыр медиа» ЖШС ұйымдастыруымен өткізіледі.

#### Жыр мүшәйрасының мақсаты:

- Ұлт тарихын түгендеп, елдік және ерлік дәстүрді, өңірдің оң имиджін насихаттап, ақпарат жаршысына айналған басылымдар мәртебесін көтеру;
- «Сыр бойы» газетінің 95 және «Ақмешіт апталығы» газетінің 30 жылдық тарихын насихаттау;
- Журналистика саласына өзіндік қолтаңбасымен келген дарынды тұлғаларды дәріптеу және құрмет көрсету;
- Аймақ жастарының «Ақмешіт жастары» газетімен байланысын нығайту.

#### Жыр мүшәйрасының шарттары:

- Жыр мүшәйрасына қаладағы барлық мектептің оқушы-ақындары қатыса алады. (Әр мектеп мектепшілік іріктеп, бір ғана оқушыны ұсынуы тиіс);
- Мүшәйраға 9-11 сынып оқушылары қатысады;
- Мүшәйраға бір ақын екі өлең ұсына алады. І кезең бойынша «Журналистика – мәні терең мамандық» арнау өлеңі;
- ІІ кезең бойынша еркін тақырып (Арнау өлең болмауы шарт).
- Поэзиялық шығармалардың ең көлемдісі 9-10 шумақтан аспауы керек;
- Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында 14 кегльмен, 1,5 интервалмен, Times New Roman қарпімен ғана қабылданады;
- Жыр мүшәйрасына бұған дейін ешбір газетте, журналда, кітапта, электронды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланбаған, басқа байқауларға жіберілмеген жаңа шығарма ғана ұсынылады;
- Жыр мүшәйрасына қатысушы ақын өзінің аты-жөнін, телефон нөмірін, сапалы суреті мен шығармасын aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru электронды поштасына немесе 8-705-824-74-32 ватсап нөміріне жазып жолдайды.
- Жолданған барлық өлеңдер республикалық

«Ақмешіт жастары» газетінің сайтына (<http://www.aqmeshit-zhastary.kz/>) орналастырылады. Сайтта ең көп қаралым жинаған өлеңдер ескеріледі.

#### Жыр мүшәйрасының мерзімі:

- Жыр мүшәйрасына қатысатын шығармаларды қабылдау 2024 жылы 13 мамырда тоқтатылады;
- Қабылданған шығармалардың ішінен іріктелген 20 ақын 2024 жылы мамыр айының 16-сы күні 10:00-де қорытынды кешке шақырылады.
- Өтетін орны: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайы. (Жетекші болуы міндетті).
- Іріктелген шығармалар ішіндегі ең үздіктері 2024 жылы мамырдың 16-сы күні қазылар шешімімен анықталады;
- Ең үздік деп танылған шығармалар БАҚ-та жарияланады.

#### Жыр мүшәйрасының қазылар алқасы:

- Қазылар алқасы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақындардан құралады;
- Олар жыр мүшәйрасына түскен шығармаларды саралап, ең үздіктерін анықтайды;
- Анықталған үздік шығармалардың жеңген орнын көрсетіп, ұйымдастырушыларға ұсынады;
- Ұйымдастырушылар бәйге жүлделерін бөледі.

#### Жыр мүшәйрасының бәйгесі:

- Бас бәйге – біреу;
- Бірінші орын – біреу;
- Екінші орын – біреу;
- Үшінші орын – біреу;
- Ынталандыру – біреу;
- (Жыр мүшәйрасына түскен шығармалардың сапасына қарай қазылар алқасының ұсынысымен және ұйымдастырушылардың мақұлдауымен бәйгелер саны өзгеруі мүмкін).
- Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталады.

#### Жыр мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттау

- Жыр мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттау 16 мамыр күні өтеді.
- **Әріптестік байланыс**
- Қызылорда қалалық білім бөлімі;
- Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті.

Ұйымдастырушылар

## ЖАҢАН МОЙЫНДАҒАН ЖЕРЛЕСТЕР

Алайда қазақ жерінде мүлдем танымал болмай, лезде әлемдік деңгейге көтеріліп кеткен жандар да бар. Бұл мақаламызда шетелде «бағы жанған» қазақ ұландары туралы әңгіме өрбітетін боламыз.

Ерқанат Сәдуаханов – мектепте биология пәнінен сабақ беретін мұғалім және битмейкер. Ол әлемдегі ең танымал әншілердің бірі Дуа Липамен іскерлік байланыс орната алды. Нақтырақ айтсақ, Ерқанат «Illusion» әніне бит ойлап тапқан. Әлемге әйгілі әнші оның туындысын құп көріп, «Radical optimism» альбомына қосқан. Әнші «Illusion» әнін бейнебаянымен 2024 жылдың сәуірінде жарыққа шығарды. Қазір Ерқанат Сингапурда мұғалімдерге арналған «Дарынды балаларды дамытуға арналған Сингапурдың білім беру жүйесі» тақырыбында оқыту курсына қатысуда. Педагогика саласымен қатар мәдениетіміздің дамуына үлес қосып жүрген Ерқанат әлі де тыңдарманын қуантады деп сенеміз.

18 жастағы Рахат Көшкінбаев – әлемдік «Balenciaga» брендінің подиумында жүріп өткен алғашқы қазақ модель. Мектеп қабырғасында-ақ өзіндік қабілетімен танылған оқушының әлемдік подиумды бағындыруына достары себепкер болған.

– Достарым модельдік келбетімнің бар екенін айтып, осы салаға үгіттеді. Алғашқы тіркелген модельдік агенттікте бір жыл бойы мардымды ештеңе істемеген соң, басқа модельдік орталыққа ауыстым. Келісім-шарт жасасқан соң, 4 күннен кейін Миланнан хабар келіп түсті. Осылайша менің модельдік мансабым бастау алды. «Balenciaga» – менің ең сүйікті брендім. Алғашында қатты таңғалдым, себебі бұл менің дебюттік подиумым болатын, – дейді астаналық модель.

Ғаламтор кеңістігінде үздік корпорациялардың бірі – Google технологиялық компаниясында жұмыс істеуді армандайтын миллиондаған адам бар. Бүгінде Google-да 100 қазақ азаматы жұмыс істейді. Тіпті басшылық ресми түрде мойындаған өз қауымдастығы бар. Қазақстандық Шерзат Айтбаевтың Google-да қызмет атқарғанына 9 жылдан астам уақыт болды.

– Жұмыс барысында ең бастысы сізбен бірге қызмет атқаратын адамдар екенін



«Алтынның қадірін қолда барда білмейсің» деп бекер айтпаса керек, өзге елде танылған талантты жас көп. Мәселен, Димаш Құдайбергенов, Скриптонит, Нұрлан Сабуров, Иманбек Зайкенов және аты аталмаған басқа да тұлғалармен бұл тізімді жалғастыруға болады.

түсіндім. Талантты, бірлігі жарасқан әріптестермен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болғаным үшін өзімді бақытты сезінемін. Болашақта не күтіп тұрғанын білмейміз. Дөп басып нақты айту қиын. Десек те 2024 жылға үлкен жоспарларым бар. Өзіме нөлден басталатын жаңа жобалармен айналысқан өте ұнайды. Google-да немесе басқа компанияда болсын, авторлық идеяларымды жүзеге асырғым келеді. Әрине, үлкен технологиялы салада мол тәжірибе жинақтаған соң, өзімді сыртқы стартап әлемінде сынап көргім келеді, – дейді талантты жас Шерзат Айтбаев.

Спорт шыңынан көрініп жүрген қытайлық қазақ қандас Тайлақ Нуражы да жеңіс тұғырынан түскен емес. Ол «Алматы Арена» спорт кешенінде өткен аралас жекпе-жекте «NAIZA 57» турнирінде қарсыласын техникалық нокаутпен 1-раундта-ақ жеңді. Бұл – оның кәсіпқой мансабындағы тоғызыншы жеңісі.

Әлемдік деңгейде қазақ халқының мәртебесін көтеріп жүрген қазақ жастарының сапы мұнымен шектеліп қалмайды. Бұл – сол тізімнің кішкентай бір бөлігі. Сыйыпқырандай қалықтап, қазақ ұлтының абыройын асқатқататын даңқты жастар көп бола береді деп сенеміз.

Қорлан САРЫ

## ЖУРНАЛИСТИКАДАН САЯСАТҚА:

аты әлемге әйгілі ақпарат өкілдері

Бүгінде журналистика саласы туралы түрлі пікір қалыптасқан. Кейбірі жалақының аздығынан журналистика карьера жасау үшін қолайсыз мамандық деп шешкен. Енді бірі сөз бостандығының жетіспеушілігіне наразы. Дегенмен ақпарат саласында айта да, жаза да білетін, көпшілікті ізіне ерте алатын көшбасшылар бар. Ел алдында жауапкершілік алып, саясат биігінен көрінгендер жетерлік. Біз бүгін төртінші биліктен бірінші биліктің қатарына енген тұлғалар туралы айтпақпыз.

#### Борис Джонсон – Ұлыбританияның премьер-министрі

Бәріміз білетіндей, Ұлыбритания билігін патшалық отбасы тізгіндейді. Десе де бұл – тек консерватистік идея мен монархияның жалғасын табуы үшін ғана. Негізі Ұлыбритания билігі премьер министрінің қолында. Бүгінде Ұлыбританияның премьер министрі – Борис Джонсон. Борис саясатқа келмей тұрып, «Times» журналында, сондай-ақ «The Daily Telegraph» газетінде тілшілік қызмет атқарған. Көбіне оның мақалаларын орта жастағы немесе орта жаста асқан қауым сүйіп оқыған деседі. Өзінің «Достарым менің» деп бастайтын сөзімен елдің назарын аударып, құрметіне бөленді.

#### Михаил Горбачев – КСРО басшысы

1986 жылы болған Желтоқсан оқиғасы қай-қайсымыздың да жадымызда. Кеңес өкіметін бір уақыттары басқарған Горбачев та өзін журналистикаға сынап көрген екен. Ол бір уақыттары «Комсомольская правда» газетінің редакторы болған.

#### Барак Обама – АҚШ-тың 44-інші президенті

Трампақа дейін АҚШ-ты басқарған ең алғашқы Американың қара нәсілді президенті – Барак Обама екені бәрімізге белгілі. Экспрезидент те журналистика саласынан

бейхабар емес. Обама өзін саясатта сынап көрмес бұрын «Harvard Law Review» басылымына мақалалар жазған. Өзі заңгер болған соң, заң, қылмыс тақырыбындағы өзекті мәселелерді қозғаған екен.

#### Уинстон Черчилль – Ұлыбританияның экс-премьер-министрі

Уинстон Черчилльді көбіміз батылдығымен, лидерлік-ораторлық қабілетімен танымыз. Қатыгез мінезімен де біршама есте қалған. Ол өзін әскери салада көре алмаған соң, бұл сала туралы тек мақала жазуға бекінеді. Осылайша біраз уақыт Кубада «Daily Graphic» газетінде әскери корреспондент болып еңбек еткен. Тіпті кей мақалалары «The New York Times» басылымында жарияланған.

Самал ҚАЙРАТҚЫЗЫ, студент

## Әке

Жіберетұғын күнде жүз кате, Бала едік онда жас, бұла. Бұзықтық етсек бірде, бізді, әке, Алушы ең таяқ астына.

Даланы шарлап досымыз-Күнмен, Өспедік қанғып, топ қуып. Есейіп ерте есіміз кірген, «Көк ала қойдай» боп жүріп.

Өзінді қатал ғана сөз дедік, Ол шындық еді біз ұққан. Таяқ жемейтін баласын көріп, Талай әкеге қызыққам.

Бекер-ақ саған өкпе артқан сонда, Оны да кешір, кеш білгем. Таяқтан азап көп тартқан соң ба, Саналы болып өстім мен.

Бұл күнде мығым өлеңім, ісім, Өйтпесен мұндай болмас ем. Өмірден таяқ жемеуім үшін, Таяқтасың ғой сонда сен...

...Байқайсың ба, әке, шетінен кекті, Ойлары қулық, тек наула, Бұзықтық жасап бетімен кетті, Таяқ жемеген көп бала.

Түземеңді олар қатесін неғып, (Кеміген бе, әлде, ой-айбын?!). Таяқтамаған әкесін көріп, Баласын қатты аяймын, Әке...

Қуаныш ЖАЗАЙ

#### Жұмысын тоқтатады

"Шағирбаев и К" ЖШС Қызылорда қаласындағы филиалы (БСН 040941002269) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 200.